

Р.Б. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ ИМЕНИ Р.Б. СУЛЕЙМЕНОВА
R.B. SULEIMENOV INSTITUTE OF ORIENTAL STUDIES



ҚАЗАҚСТАН ШЫҒЫСТАНУЫ



№ 4, ТОМ 8, 2023

Р.Б. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

**ҚАЗАҚСТАН
ШЫҒЫСТАНУЫ**
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ
№ 4, ТОМ 8, 2023

ИНСТИТУТ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ ИМЕНИ Р.Б. СУЛЕЙМЕНОВА

**КАЗАХСТАНСКОЕ
ВОСТОКОВЕДЕНИЕ**
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
№ 4, ТОМ 8, 2023

2023

R.B. SULEIMENOV INSTITUTE OF ORIENTAL STUDIES

**KAZAKHSTAN ORIENTAL
STUDIES**

SCIENTIFIC JOURNAL

№ 4, VOL 8, 2023

Ғылыми журнал
Журнал 2022 жылдан
бері шығады

Құрылтайшы және
баспагер:

Р.Б. Сүлейменов
атындағы Шығыстану
институты

Редакция мен
баспагер мекен
жайы:

Заңды мекен жайы:
Қазақстан, Алматы қ.,
Шевченко к-сі 28,
050010

Нақты мекен жайы:
Қазақстан, Алматы қ.,
Құрманғазы к-сі 29,
050010

Журнал Қазақстан
Республикасы
Ақпарат және
қоғамдық даму
министрлігінде 2021
жылдың 16
тамызында
тіркелген, куәлік
№KZ54VPY00039118

«ҚАЗАҚСТАН ШЫҒЫСТАНУЫ»
№ 4, ТОМ 8, 2023

Бас редактор:

Мәсімханұлы Дүкен, филология
ғылымдарының докторы, профессор, Р.Б. Сүлейменов
атындағы Шығыстану институтының бас директоры
(Алматы, Қазақстан)

Ғылыми редактор:

Байдаров Еркін Ұланұлы, философия
ғылымдарының кандидаты, доцент, Р.Б. Сүлейменов
атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми
қызметкері, (Алматы, Қазақстан)

Жауапты редактор:

Белгожа Ернұр Қуатұлы, тарих
ғылымдарының кандидаты, Р.Б. Сүлейменов атындағы
Шығыстану институтының ғалым-хатшысы (Алматы,
Қазақстан)

Научный журнал

**Журнал издается с
2022 года**

**Учредитель и
издатель:**

Институт
востоковедения
имени Р.Б.
Сулейменова

**Адрес редакции и
учредителя:**

Юридический адрес:
Казахстан г.
Алматы, ул.
Шевченко 28,
050010

Фактический адрес:
Казахстан, г.
Алматы, ул.
Курмангазы 29,
050010

**Журнал
зарегистрирован в
Министерстве
информации и
общественного
развития
Республики
Казахстан от 16
августа 2021 года,**

**«КАЗАХСТАНСКОЕ
ВОСТОКОВЕДЕНИЕ»
№ 4, ТОМ 8, 2023**

Главный редактор:

Масимханулы Дукен, доктор
филологических наук, генеральный директор
Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова
(Алматы, Казахстан)

Научный редактор:

Байдаров Еркин Уланович, кандидат
философских наук, доцент, ведущий научный
сотрудник Института востоковедения имени Р.Б.
Сулейменова (Алматы, Казахстан)

Ответственный редактор:

Белгожа Ернур Куатулы, кандидат
исторических наук, ученый-секретарь Института
востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Алматы,
Казахстан)

Scientific journal

**The journal has
been published since
2022**

**Founder and
publisher:**

R.B. Suleimenov
Institute of Oriental
Studies

**Editorial office and
founder address:**

Legal address:
Kazakhstan Almaty,
st. Shevchenko 28,
050010

Actual address:
Kazakhstan, Almaty,
st. Kurmangazy 29,
050010

**The journal was
registered with the
Ministry of
Information and
Public Development
of the Republic of
Kazakhstan on
August 16, 2021,
certificate no.
KZ54VPY00039118**

**«KAZAKHSTAN ORIENTAL STUDIES»
№ 4, VOL 8, 2023**

Chief Editor:

Duken Masimkhanuly, Doctor of Philology, General
Director of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies
(Almaty, Kazakhstan)

Scientific editor:

Yerkin Baidarov, Candidate of Philosophical
Sciences, Associate Professor, Leading Researcher at the R.B.
Suleimenov Institute of Oriental Studies (Almaty, Kazakhstan)

Responsible editor:

Yernur Belgozha, Candidate of Historical Sciences,
Scientific Secretary of the R.B. Suleimenov Institute of
Oriental Studies (Almaty, Kazakhstan)

Редакциялық алқа:

Бас редактор:

Мәсімханұлы Дүкен, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор (Алматы, Қазақстан)

Ғылыми редактор:

Байдаров Еркін Ұланұлы, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының кандидаты, доцент (Алматы, Қазақстан)

Жауапты редактор:

Белғожа Ернұр Қуатұлы, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғалым хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты (Алматы Қазақстан)

Техникалық редактор:

Тұрлығожаева Алтынгүл Дүйсенқызы, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының қоғаммен байланыс жөніндегі маманы (Алматы, Қазақстан)

Редакция алқасының мүшелері:

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты Республикалық тарихи материалдарды зерттеу ақпараттық орталығының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Алматы, Қазақстан)

Каримова Рисалат-Биби Усмановна, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Ұйғыртану орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, доцент (Алматы, Қазақстан)

Ким Герман Николаевич, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Азия зерттеулер институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Алматы, Қазақстан)

Мұқаметханұлы Нәбижан, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазіргі заманғы Қытайды зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Алматы, Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас ғылыми қызметкері, «Астана» халықаралық ғылыми кешенінің Қытай және Азия зерттеулер орталығының жетекшісі, саяси ғылымдарының докторы, профессор (Алматы, Қазақстан)

Дүйсен Ғалымжан Мұстахимұлы, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты бас директорының ғылым жөніндегі орынбасары, экономика ғылымдарының докторы, доцент (Алматы, Қазақстан)

Томохико Уяма, Хоккайдо университетінің Славян зерттеулер орталығының профессоры, PhD (Саппоро, Жапония)

Чэн Ян, Шанхай жаһандық басқару және аймақтық зерттеулер академиясының атқарушы президенті, Шанхай халықаралық зерттеулер университетінің профессоры, PhD (Шанхай, Қытай)

Ли Джу-Юн, Торонто университетінің профессоры, PhD (Торонто, Канада)

Зия-Ул-Хак Мухамед, Исламабад халықаралық ислам университетінің Исламтану институтының бас директоры, профессор (Исламабад, Пәкістан)

Атабаки Тоурадж, Нидерланды Корольдігі Өнер және ғылым академиясының Халықаралық әлеуметтік тарих институтының профессоры, PhD, (Амстердам, Нидерланды)

Батырхан Болатбек Шәденұлы, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, PhD (Алматы, Қазақстан)

Николаева Камила Сергеевна, Ташкент мемлекеттік шығыстану университеті, Қытай тарихы, мәдениет, саясат және экономика кафедрасының меңгерушісі, саясаттану ғылымдарының кандидаты (Ташкент, Өзбекстан)

Масабаев Қанат Ізімұлы, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты бас директорының стратегиялық даму және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары (Алматы, Қазақстан)

Әмірбекова Сағыныш Көпеновна, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының докторантура мен магистратура бойынша ғалым хатшы (Алматы, Қазақстан)

Редакционная коллегия:

Главный редактор:

Масимханулы Дукен, Генеральный директор Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, доктор филологических наук, профессор (Алматы, Казахстан)

Научный редактор:

Байдаров Еркин Уланович, ведущий научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, кандидат философских наук, доцент (Алматы, Казахстан)

Ответственный редактор:

Белгожа Ернур Куатулы, ученый секретарь Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, кандидат исторических наук (Алматы, Казахстан)

Технический редактор:

Турлыгожаева Алтынгуль Дуйсеновна, специалист по связям с общественностью Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова (Алматы, Казахстан)

Члены редколлегии:

Абусейтова Меруерт Хуатовна, директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов при Институте востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан)

Каримова Рисалат-Биби Усмановна, руководитель Центра уйгуроведения Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, доктор исторических наук, доцент (Алматы, Казахстан)

Ким Герман Николаевич, директор Института азиатских исследований КазНУ им. Аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор (Алматы, Казахстан)

Набижан Мукаматханулы, директор Центра исследований современного Китая КазНУ им. Аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор (Алматы, Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна, главный научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, руководитель Центра Китайских и Азиатских исследований Международного научного комплекса Астана, доктор политических наук, профессор (Алматы, Казахстан)

Дуйсен Галымжан Мустахимулы, заместитель генерального директора по науке Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, доктор экономических наук, доцент (Алматы, Казахстан)

Томохико Уяма, профессор Центра славянских исследований при Университете Хоккайдо, PhD (Саппоро, Япония)

Чэн Ян, PhD, профессор, Исполнительный президент Шанхайской академии глобального управления и региональных исследований Шанхайского университета международных исследований (Шанхай, Китай)

Ли Джун-Юн, PhD, профессор Университета Торонто (Торонто, Канада)

Зия-Ул-Хак Мухамед, Генеральный директор Института исламских исследований Международного исламского университета, профессор (Исламабад, Пакистан)

Атабаки Тоурадж, PhD, профессор Международного института социальной истории Королевской академии искусств и наук Нидерландов (Амстердам, Нидерланды)

Батырхан Болатбек Шәденулы, ведущий научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, PhD (Алматы, Казахстан)

Николаева Камила Сергеевна, Ташкентский государственный университет востоковедения, заведующая кафедрой Истории, культуры, политики и экономики Китая, кандидат политических наук (Ташкент, Узбекистан)

Масабаев Канат Изимович, заместитель генерального директора по стратегическому развитию и международным связям Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова (Алматы, Казахстан)

Амирбекова Сагынш Копеновна, ученый секретарь по докторантуре и магистратуре Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова (Алматы, Казахстан)

Editorial Board:

Editor-in-Chief:

Masimkhanuly Duken, General Director of R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Doctor of Philology, Professor (Almaty, Kazakhstan)

Science Editor:

Baidarov Yerkin, Leading Researcher of R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor (Almaty, Kazakhstan)

Responsible editor:

Belgozha Yernur, Scientific Secretary of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Candidate of Historical Sciences (Almaty, Kazakhstan)

Technical editor:

Turlygozhayeva Altyngul, Public Relations Specialist at the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Almaty, Kazakhstan)

Members of the Editorial Board:

Abuseitova Meruert, Director of the Republican Information Center for the Study of Historical Materials of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan)

Karimova Risalat-Bibi, Head of the Uighur Studies Center of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Doctor of Historical Sciences, Associate Professor (Almaty, Kazakhstan)

Kim German, Director of the Institute of Asian Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Doctor of Historical Sciences, Professor (Almaty, Kazakhstan)

Nabizhan Mukhametkhanuly, Director of the Center for Studies of Modern China of Al-Farabi Kazakh National University, Doctor of Historical Sciences, Professor (Almaty, Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana, Chief researcher of the Institute of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Head of the Center for Chinese and Asian Studies of the International Scientific Complex Astana, Doctor of Political Sciences, Professor (Almaty, Kazakhstan)

Duisen Galymzhan, Deputy Director General for Science of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Doctor of Economics, Associate Professor (Almaty, Kazakhstan)

Tomohiko Uyama, Professor of the Slavic-Eurasian Research Center at Hokkaido University, PhD (Sapporo, Japan)

Cheng Yang, Executive President в Shanghai Academy of Global Governance and Area Studies, Shanghai International Studies University, PhD, Professor (Shanghai, China)

Lee Joo-Yup, Professor of the University of Toronto, PhD (Toronto, Canada)

Zia-Ul-Haq Mohammed, General Director of the Institute of Islamic Studies of the International Islamic University, Professor (Islamabad, Pakistan)

Atabaki Touraj, Professor at the International Institute for Social History of the Royal Academy of Arts and Sciences of the Netherlands, PhD (Amsterdam, the Netherlands)

Batyrkhan Bolatbek, Leading researcher of the R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, PhD, (Almaty, Kazakhstan)

Nikolaeva Kamilla, Head of the Department of Chinese History, Culture, Politics and Economics of the Tashkent State University of Oriental Studies, Candidate of Political Sciences (Tashkent, Uzbekistan)

Masabaev Kanat, Deputy Director for Strategic Development and International Relations of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Almaty, Kazakhstan)

Amirbekova Sagynysh, Academic Secretary for Master's and Doctoral Studies, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, (Almaty, Kazakhstan)

МАЗМҰНЫ

Алғысөз..... 16

Шығыс елдерінің тарихы мен мәдениеті

Хизметли С.

Ориентализмнің қалыптасуы, дамуы және тармақтары..... 21

Хафизова К.Ш.

Қазақстанда қытай тілін үйретудің басталуы..... 31

Шығыс елдері қарым-қатынастары

Дүйсен Ғ.М.

Инвестициялар және ресурстар саласындағы Орталық Азия-Үндістан ынтымақтастығының перспективалары: туризм-рекреациялық сектор үшін тәжірибе..... 41

Сарқытқан Қ., Карипжанов Н., Тұрлығожаева А.

Қазақстан - Қытай қатынастары: этникалық қазақтардың географиясы және көші-қоны аясында..... 53

Әмірбекова С.К., Байдаров Е.У.

Араб және қазақ фразеологизмдеріндегі «туысқандар» концептісі..... 69

Ли Цянь., Ниеталина Г.

Орро компаниясын басқару әдістері және оның ТМД нарығындағы қызметі..... 80

Шығыс филологиясы

Омаров Б.Ж.

Қазақ ертегілері мен үнді әдеби ескерткіштеріндегі көшпелі сюжеттер..... 87

Камалов А.К.

Ұйғыр халық әндері Қошақ Жетісу ұйғырларының 1916 жылғы көтеріліске қатысуы туралы..... 99

СОДЕРЖАНИЕ

<i>Предисловие</i>	16
История и культура Восточных стран	
Хизметли С. <i>Становление, развитие и ветви ориентализма</i>	21
Хафизова К.Ш. <i>Начало изучения китайского языка в Казахстане</i>	31
Страны Востока в международных отношениях	
Дуйсен Г.М. <i>Перспективы Центральноазиатско-Индийского сотрудничества в сфере инвестиций и ресурсов: опыт для туризмо-рекреационного сектора</i>	41
Саркытқан К., Карипжанов Н.А., Турлыгожаева А.Д. <i>Казахстанско-Китайские отношения: в рамках географии и миграции этнических казахов</i>	53
Амирбекова С.К., Байдаров Е.У. <i>Концепт «родственники» в арабских и казахских фразеологизмах</i>	69
Ли Цянь, Ниеталина Г. <i>Методы управления компанией Орро и ее деятельность на рынке СНГ</i>	80
Восточная филология	
Омаров Б.Ж. <i>Кочевые сюжеты казахских сказок и индийских литературных памятников</i>	87
Камалов А.К. <i>Уйгурские народные песни Қошақ об участии уйгуров Семиречья в восстании 1916 года</i>	99

CONTENT

Foreword	16
History and culture of the Eastern countries	
Hizmetli S. <i>Formation, development and branches of orientalism</i>	21
Khafizova K.Sh. <i>Starting studying chinese language in Kazakhstan</i>	31
The countries of the East in international relations	
Duisen G.M. <i>Prospects for Central Asia – India cooperation in the sphere of investment and resources: an experience for tourism and recreation sector</i>	41
Sarkytkan K., Karibzhanov N., Turlygozhayeva A.D. <i>Kazakhstan-China relations: Within geography and migration of ethnic kazakh</i>	53
Sagynysh A.K. Baidarov Ye.U. <i>Concept of «relative» in arabic and kazakh phraseological units</i>	69
Li Qian. Nietalina G. <i>Management methods of the Oppo company and its activities in the GIS market</i>	80
Oriental Philology	
Omarov B.Zh. <i>Nomadic plots in kazakh fairy tales and indian literary monuments</i>	87
Kamalov A.K. <i>Uygur folk songs Koshah about the participation of the uygurs of Semirechye in the uprising of 1916</i>	99

АЛҒЫСӨЗ

Шығыстану (ориенталистика) – Азия және Солтүстік Африка елдерінің тарихын, экономикасын, тілдерін, этнографиясын, мәдениетін, дінін, философиясын, материалдық және рухани мәдениеттерінің ескерткіштерін кешенді түрде зерттейтін ғылым. Бұл оның негізгі анықтамасы. Дәл осы ғылымды атау үшін «ориенталистика» термині қолданылады, яғни шығыстану ғылымының екінші атауы бар, ол – ориенталистика.

Шығыстану ғылымы өз ішінде мынадай аймақтық салаларға бөлінеді: египтология, семитология, ассириология, арабистика, шумерология, урартология, кумранистика, малаистика, ирантану, түркітану, синология (қытайтану), моңғолтану, үндітану, жапонтану және т.б.

Шығыстану ғылымына Азия мен Солтүстік Африка елдерін іштей салаларға және аймақтарға бөліп қарастыру үрдісі тән. Ол үрдіс бойынша Шығыс елдерінің тарихын, экономикасын, әдебиетін және тілін зерттеуге мамандану, мысалы: шығыстанушы-тарихшы, шығыстанушы-лингвист т.б. Сонымен бірге, Азия мен Солтүстік Африка елдерінің дінін, философиясын, мәдениетін жеке салаларға жіктеп қарастыру. Мысалы, араб елдерінің қазіргі саяси проблемаларына сараптама жасау немесе Қытайдың Орта Азия елдерімен болған экономикалық қатынастарын зерттеу.

Бүгінде шығыстану ғылымының зерттеу аясы кеңейіп, негізгі мақсаты – Шығыстың және Орталық Азия елдерінің, оның ішінде, еліміздің осы уақытқа дейін бұрмаланған тарихын, рухани-мәдени қазынасын терең зерттеп, Шығыстың және Түркі әлемінің әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін баршаға нақтылап, анықтап беру болып табылады. Оған қоса, шығыстану ғылымының алдында әртүрлі өркениеттер арасындағы диалогты қалыпты арнаға түсіріп, қазіргі әлемдегі бірқатар маңызды тарихи-мәдени, рухани, саяси және ұлттық проблемалардың әділ шешімін табу міндеті тұр.

Біздің елімізде шығыстану ғылымы саласымен арнайы айналысатын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі жанындағы Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты бар. Құрылғанына ширек ғасырдан асқан ғылыми орталық Азия мен Солтүстік Африка елдерін, Қазақстан мен Шығыс елдері қарым-қатынасының тарихи-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, саяси, діни, сонымен қатар, өркениет және мәдениетаралық қырларына іргелі және қолданбалы негізде жүйелі зерттеулер жүргізіп келеді.

Институтта аталған сала мамандарының үлкен қосыны шоғырланған. Сонымен бірге, Институттың халықаралық байланыс ауқымы да өте кең. Институт ғалымдары әлемнің көптеген елдерінің іргелі ғылыми орталықтарымен, жетекші ғалымдарымен бірге қоян-қолтық жұмыс істеп келеді. Міне осы жағдайдың бәрі Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты алдына үлкен міндет қойып отыр. Ол міндет болса – Институттың өзінің жеке ғылыми басылымын (хабаршы) шығару.

Осыған байланысты Институт 2022 жылдан бастап «Қазақстанның шығыстану ғылымы» атты журнал шығаруды қолға алды. Журналда отандық және шетелдік белгілі шығыстанушы ғалымдардың, магистранттар мен докторанттардың шығыстану ғылымының өзекті мәселелеріне, Азия мен Солтүстік Африка елдерінің тарихы мен мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне, экономикасы мен ішкі-сыртқы саясатына қатысты, сондай-ақ, Қазақстан мен Шығыс елдері арасындағы тарихи-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, саяси, діни байланыстарын қарастырған еңбектері жарияланады.

Журналда жарияланған материалдар ғылыми қауым үшін ғана емес, жалпы оқырмандар үшін де қызықты әрі пайдалы болады деп үміттенеміз. Осы саладағы барлық мамандарды шығармашылық ынтымақтастыққа шақырамыз.

Сіздерден тың да сүбелі еңбектер күтеміз.

Дукен Мәсімханұлы

Бас редактор, Р.Б.Сүлейменов атындағы
Шығыстану институтының бас директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Востоковедение (ориенталистика) – наука, комплексно исследующая историю, экономику, язык, этнографию, культуру, религию, философию, памятники материальной и духовной культуры стран Азии и Северной Африки. Это его основное определение. Для данной науки используется термин «ориенталистика», то есть, это второе название востоковедения.

Внутри востоковедение подразделяется на такие региональные области, как: египтология, семитология, ассириология, арабистика, шумерология, урартология, кумранистика, малаистика, иранистика, тюркология, синология (китаеведение), монголоведение, индология, японистика и т.п.

Востоковедению присущ процесс рассмотрения стран Азии и Северной Африки, изнутри разделив на отрасли и регионы. Исходя из этого, имеются специализации по исследованию истории, экономики, литературы и языка стран Востока, например: историк-востоковед, лингвист-востоковед и др. Наряду с этим, религия, философия, культура стран Азии и Северной Африки рассматриваются, классифицируясь по отдельным отраслям. К примеру, экспертиза по современным политическим проблемам арабских стран или исследование экономических отношений Китая со странами Центральной Азии.

Ныне, ареал исследований востоковедения расширился и основной его целью является углубленное исследование по сей день искаженной истории и духовно-культурных богатств стран Востока и Центральной Азии, в частности, нашей страны, конкретизация и определение вклада Востока и Тюркского мира в развитие мировой цивилизации. А также, перед востоковедением поставлена задача – уравновесить диалог между различными цивилизациями и найти справедливое решение для ряда важных историко-культурных, духовных, политических и национальных проблем современного мира.

В нашей стране есть Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова при Министерстве Науки и высшего образования Республики Казахстан, непосредственно занимающийся наукой востоковедения. Научный центр с историей более, чем четверть века, проводит системные фундаментальные и прикладные исследования стран Азии и Северной Африки, историко-культурные, социально-экономические, политические, конфессиональные, а так же, цивилизационные и межкультурные аспекты взаимоотношений Казахстана и стран Востока.

В Институте сконцентрирована большая армия востоковедов. Также, масштаб международных связей Института очень широк. Ученые Института тесно работают с крупными научными центрами и ведущими учеными многих стран мира. И все это возлагает на Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова большую задачу – выпуск собственного научного издания (вестник) Института.

В связи с этим, с 2022 года, Институт приступил к изданию журнала «Казахстанское востоковедение». В журнале будут опубликованы работы отечественных и зарубежных известных ученых, магистрантов и докторантов, посвященные актуальным вопросам востоковедения, в которых рассматриваются история и культура, язык и литература, экономика, внешняя и внутренняя политика стран Азии и Северной Африки, а также, историко-культурные, социально-экономические, политические, религиозные связи между Казахстаном и странами Востока.

Надеемся, что материалы, опубликованные в журнале, будут полезны и интересны не только научному сообществу, но и широкому кругу читателей. Всех специалистов по данной отрасли приглашаем к творческому сотрудничеству.

Ждем от вас оригинальных и интересных работ.

Дукен Масимханулы
Главный редактор, генеральный директор
Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова,
доктор филологических наук, профессор.

FOREWORD

Oriental Studies (Orientalism) is the science comprehensively exploring the history, economy, language, ethnography, culture, religion, philosophy, monuments of the material and spiritual culture of Asia and North Africa. This is the principal definition of it. The term "Orientalism" is used for this science, i.e. it is the second name of oriental studies.

Inside Oriental Studies is subdivided into regional fields such as: Egyptology, Semitology, Assyriology, Arab Studies, Sumerology, Urartology, Qomran Studies, Malay Studies, Iranian Studies, Turkology, Sinology, Mongolian Studies, Indology, Japanese Studies, etc..

Oriental Studies is inherent in the process of looking at the countries of Asia and North Africa by dividing them into branches and regions from inside. Based on this, there are specialisations for the study of the history, economy, literature and language of Eastern countries, for example: orientalist historian, orientalist linguist, etc. At the same time, religion, philosophy and culture of Asian and North African countries are also examined, being classified into separate branches. For example, expertise on contemporary political issues in Arab countries or research on China's economic relations with Central Asian countries.

Today, the area of Oriental studies has expanded and the main objective is to study the distorted history and spiritual and cultural wealth of the Eastern and Central Asian countries, in particular our country, to specify and define the contribution of the East and the Turkic world in the development of the world civilization. In addition, the Oriental studies have the task of counterbalancing the dialogue between different civilizations and finding equitable solutions for a number of important historical, cultural, spiritual, political and national problems of the modern world.

In our country, there is the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies under the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan is directly engaged in the science of Oriental Studies. The scientific centre with a history of more than a quarter of a century, conducts systematic fundamental and applied research into the countries of Asia and North Africa, historical, cultural, socio-economic, political, confessional, as well as civilizational and intercultural aspects of relations between Kazakhstan and the countries of the East.

The Institute is host a large army of Orientalists. Also, there is a very large scale of international ties of the Institute. The researchers of the Institute work closely with major research centres and leading scientists in many countries of the world. And all this puts on R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies a big task - to publish its own scientific publication (bulletin) of the Institute.

In this regard, since 2022, the Institute has started to publish the journal "Oriental Science of Kazakhstan". The journal will publish the works of domestic and foreign renowned scientists, undergraduates and doctoral students on current issues of Oriental Studies, which address the history and culture, language and literature, economy, foreign and domestic politics of Asia and North Africa, as well as, historical, cultural, socio-economic, political, religious relations between Kazakhstan and the countries of the East.

We hope that the materials published in the journal will be useful and interesting not only to the scientific community, but also to a wide range of readers. We invite all specialists in this field to creative cooperation.

We are looking forward to original and significant works from you.

Duken Massimkhanuly
Chief Editor, Director General
R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies,
Doctor of Philological Sciences, Professor.

Хизметли С.*Kazakh-Turk International Academy, Алматы, Қазақстан**E-mail: ydu2006@mail.ru*

ОРИЕНТАЛИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ, ДАМУЫ ЖӘНЕ ТАРМАҚТАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада ориентализмнің дамуы, тарихы және оның мақсаттары қарастырылған. Ориентализмнің қалыптасуын еуропалық философтар мен ғалымдар Таяу Шығыс, Азия және Солтүстік Африка елдерінің мәдениеттерін, тілдерін және тарихын зерттей бастаған ағартушылық дәуірінен бастауға болады. Батыстықтар 18-ғасырдың аяғынан бастап Шығысты танып-білу мақсатымен жолға шығып, гегемониясына қарасты барлық күшін қолданып, Шығысқа енген болатын. Осы тұста академиялық еңбектер мен басқа да жемісті әрекеттер Шығыстың өмірімен ұштастырылған. Еуропада осы сипаттағы еңбектер мен әрекеттер ориенталистік (шығыстану) жұмыстары XVII ғасырдың соңғы ширегінен басталатын «миссионерлік әрекет» пен ориентализмді туғызды. Жұмыстың мақсаты - тарихи авторлар мен еңбектерге сүйене отырып, ориентализмнің дамуына, тарихына шолу жасау және Ислам мен Батыстың қарым-қатынасын көрсету. Мақалада келтірілгендей, Ориентализм Шығыс пен Батыс арасындағы мәдениетаралық диалог пен алмасуды жеңілдетуге ұмтылады. Жұмыс барысында сипаттау және талдау әдістері қолданылып, тақырыпты тереңінен түсінуге мүмкіндік беріледі. Зерттеу жаңалығы - тарихи қайшылықта дамыған Батыс пен Шығыстың ресурстарға бай ислам әлемі арасында өзара түсіністік пен тиімділікке негізделген оң және нәтижелі қарым-қатынастар, сондай-ақ шынайы диалогтар орнату тұтастай алғанда жаһандық қоғамдастыққа тұрақты түрде пайда әкелетін көзқарастар қарастырылды. Зерттеу нәтижелері ориентализмнің мақсаттары көп қырлы және күрделі екенін айтып, олар зерттеуге, өкілдікке, диалогқа және мүмкіндіктерді кеңейтуге байланысты бірқатар мақсаттарды қамтитынын көрсетеді. Осы мақсаттармен айналыса отырып, шығыстану ғалымдары ерекше, өзара байланысты және әділ әлемдік қауымдастыққа үлес қоса алады.

Кілт сөздер: ориентализм, шығыстанушылар, Шығыс және Батыс, Исламийят, диалог, миссионерлік әрекет, мәдениет.

Кіріспе

Ориентализм – Шығыстың, атап айтқанда Азия мен Таяу Шығыс елдерінің мәдениетін, тілін, тарихын, өнерін зерттейтін ғылыми ағым. Ориентализмнің тамыры ежелден бар және тарих бойы көптеген өзгерістер мен дамулардан өтті. Ориентализм ғылымының ғылыми пән ретінде пайда болуы ежелгі дәуірде, Батыс өркениеттері Шығыс мәдениетімен байланыса бастаған кезде басталды. Орта ғасырларда шығыс елдерінің мәдениеті мен тілдерін зерттеуге маманданған университеттер мен ғылыми институттардың құрылуы арқасында шығыстану ғылымы жүйеленіп, жүйеленді. 19 ғасырда отаршыл державалар Шығыс халықтарының мәдениеті мен әдет-ғұрпын белсенді түрде зерттеп, талдай бастағанда шығыстану жаңа серпін алды. Қазіргі уақытта ориентализм – шығыс елдерінің тарихы, діні, өнері, әдебиеті мен саясаты саласындағы зерттеулерді қамтитын көп қырлы және алуан түрлі бағыт.

Зерттеу әдістері

Берілген мақалада ориентализмнің қалыптасуы, дамуы мен тармақтары, әлеуметтік-мәдени үдерістері, сондай-ақ діни-философиялық наным-сенімдері сараланды. Зерттеу

ақпаратты талдау және синтездеу, тарихи сын, салыстырмалы талдау әдістерін қолдану арқылы жүргізілді. Жұмыстың маңызды бөлігі тарихи құжаттарды зерттеу және түсіндіру, сондай-ақ Шығыс мәдениеті саласында маманданған тарихшылардың еңбектерін талдау болды. Алынған мәліметтер Шығыс мәдениеттерінің қалыптасу және даму үдерісіндегі негізгі тенденциялар мен заңдылықтарды анықтау мақсатында жүйеленіп, талданған.

Талқылау

«Ориентализмнің пайда болуы, дамуы және тармақтары» тақырыбындағы мақаланың зерттелу деңгейі - орташа. Бұл мақалада ориентализмнің негізгі тарихи-теориялық аспектілері қамтылған, әдіснамасы мен тақырыптың өзектілігі туралы біраз ақпарат берілген және ориентализмнің кейбір салаларын қозғауы мүмкін дегенді білдіреді. Дегенмен, мақалада тақырыптың барлық аспектілері мен перспективалары жеткілікті терең және егжей-тегжейлі қарастырылмаған болуы мүмкін. Ориентализмді жан-жақты түсіну үшін осы тақырып бойынша басқа да әдебиеттер мен зерттеулерге жүгіну ұсынылады.

Зерттеу нәтижелері

Қалыптасуы және тарихшасы

Батыс мемлекеттері мен христиан-иврив қоғамдарында «Шығыс халықтарының» тарихын, тілін, дінін, мәдениеті мен әдебиетін зерттейтін қозғалыс «шығыстанушылық» (ориентализм), бұл салаларға байланысты зерттеу жұмыстары жүргізген, ғылыми еңбек жариялаған немесе шығармалар жазған мұсылман емес ғұламалар немесе христиан-яхуди жазушыларды- ғалымдарды «шығыстанушылар» (ориенталистер) деп атаған.

Ориентализм (шығыстанушылық) адамзат тарихының маңызды оқиғаларының бірі болып, түрлі сипаттарда қабылданып, бағаланған болатын. Тумендегі анықтамалар осыны растауда:

“Ориентализм Еуропаның ойдан шығарған нәрсесі емес. Ол бірнеше ұрапқтың бірлесе отырып жұмыс істеп, көп уақыт бойы күш сарп етіп жаратқан маңызды доктриналар мен машықтардың пактісі болып табылады”.

“Ориентализм әсіресе Англия мен Францияның Шығысқа қатысты ерекше бір ортақтығы болып табылады. Ағылшын, француз және американдық батыстың бүкіл күшін бір араға жинаған және үлкен жігермен нәтиже беруін жалғастырған бұл ортақтықтың жаратқан еңбектерінің жиынтығына «ориенталистік шығармалар» деген атау таңамын”.

“Батыстықтар 18-ғасырдың аяғынан бастап Шығысты танып-білу мақсатымен жолға шығып, гегемониясына қарасты барлық күшін қолданып, Шығысқа енген болатын. Осы тұста академиялық еңбектер мен басқа да жемісті әрекеттер Шығыстың өмірімен ұштастырылған-тын: мұражайларда көрмелер ұйымдастырылып; колонияларда басқару формалары қайта қарастырылып; жаңа және заманға сай бюролар ашылып..., ұлттық мінез-құлық пен дінге байланысты жап-жаңа ойлар туындаған болатын.”

“Ориентализм эстетикалық, танымдық, экономикалық, әлеуметтік, тарихи-филологиялық мәтіндер арқылы “түсіндіруге” бағытталған геэкономикалық көзқарастардың жиынтығы болып табылады.”

“Шығысты түсіндіру түрі 18-ғасырдың соңғы жылдарында өзгеріске ұшырады. “Бүгінгі ориентализм” деп аталатын шығыста Ислам және мұсылмандарда “диалогты” ұнатқан бұл жаңа қозғалыс бәрінен бұрын ғылымға бағыттталып, жаңа бедел мен тәртіпке ие болған. Шығыс тілдері, діндері, мәдениеттері және өркениеттері салаларына жаппай кіріскен ориенталистік еңбектер жалпы айтқанда заттай және рухани құрылымымен қатар Шығысты, шығыс адамын тануды әрі танытуды көздейді.” [1].

Ориентализмге байланысты анықтамалардың әртүрлі болуы сияқты оны қарастырудың түрлері де алуан түрлі. Оны толығымен қабылдайтын, толығымен қабылдамайтын, жартылай

қабылдайтын және жартылай қабылдамайтын пікірлері бар. Бұның ең маңызды себебі ориенталисттердің көп жағдайда оқырманның ойында сұрақ белгісін туындатқызытын әдіс қолдану арқылы шығыстанушылықпен айналысулары; мақсаттарын құпия түрде ұстауы немесе басқашалап көрсетуі; Ислам мәдениеті мен өркениетін күдікпен зерттеулері болып табылады. Сынаушылық пен күдікшілік олардың жалпы алғанда шығыстанушылыққа, жекелегенде Исламият және өркениетіне байланысты еңбектерінің ең көрнекті ерекшеліктерін құраған.

Бұған қоса ориенталисттердің ішінде шығыс тарихын, Ислам тарихын және өркениетін “бүкіл адамзат тарихының кішкентай бір моделі” ретінде қарастырғандары да бар. Арнольдтың “Исламның таралуы” (L'Expansion de l'Islam), Андре Мишельдің “Ислам және өркениеті” (Islam et Sa Civilisation) Маршалл Дж. С. Ходгсонның “Исламның серуені” (The Venture of Islam) атты еңбектері осы түрге мысал бола алады.

Шындығында ориенталисттердің Ислам дініне және Ислам ілімдеріне, мәдениет пен өркениетіне байланысты еңбектерінде көбінесе болымсыз көзқарас орын алады. Бұл жағдай мұсылман халықтарда шығыстану және шығыстанушыларға деген жалпылама күдік пен сенімсіздік түсініктерінің қалыптасуына себеп болған. Ориентализмнің даму тарихы және зерттеу салалары бұл түсініктердің орын алуының басқа бір себебі. Мысалға Дози мен Катанидің Ислам тарихы, Гольдцихердің хадис, Шахттың фыких туралы жазғандарына назар аударатын болсақ шығыстанушылардың еңбектерінің нәсілшілдікке, дінге және мазхабқа құлай сенушілік т.с.с. себептермен «болымсыз әдістеме, қате ұсыныс, жамандау» әдістерімен “ориентализмді” жүзеге асырып, “Исламиятты” (Ислам дінін, мәдениеті мен өркениетін) зерттегендіктері байқалуда.

2. Ориентализмнің мақсаттары, зерттеу салалары мен тармақтары

Шығыстанушылықтың туындауын бір-ақ себеппен түсіндіру дұрыс болмас. Көптеген зерттеуші-жазушылар ориентализмнің туындауының себептері мен мақсаттарын: діни себептермен, отарлаушылықпен, сауда-саттық салаларымен, саяси факторлармен, ғылыми себептермен материализациялап байланыстырған. «Ориентализмді капиталистік жүйені», материалистік ойды» Шығысты бағындыру әрекеттерімен байланыстырғандар да болған.¹

Батыстықтардың ориентализмнің мақсатына бағытталған XVII-ғасырда аудармалар жасау мен басылымдар шығарумен басталған Шығыстанушылыққа байланысты еңбектері XVIII-ғасырда жалғасын тапса; XIX-XX ғасырларда болса мәдени және ғылыми салаларда қарқынды түрде дамыды. Дамыған батыс мемлекеттері мен халықтарының игерген ғылыми және технологиялық мүмкіндіктерінің арқасында бұл ғасырларда назарын Шығысқа және Исламға аударуы; Орта-Шығыс, Шығыс және Солтүстік Африка мұнайларының орын алуы шығыстанушылық және Исламият салаларында жан-жақты зерттеулердің жүргізілуіне жол ашты. Оның үстіне батыстықтардың Шығыс елдерді тауып, оларды отарлау жолдарын қарастырулары мұсылман елдері мен олардың құндылық нормаларын жан-жақты және ғылыми әдістеме негізінде қарастыруды қажет етті. Баспа, аударма мен зияткерлік жұмыстарының ерекше жүзеге асқан жерлер Париж, Лондон, Лейден, Рим және оларға ұқсас қалалар ориенталистік (шығыстанушылық және Ислам) зерттеулердің орталықтарына айналды. Батыстықтар бұл саладағы жұмыстарының нәтижесінде түрлі мақсаттармен жазылған көптеген еңбектер шығарды. Алайда, капиталистік әлемнің отарлау жұмыстарын оңайлату мақсатымен жасалынған бұл ғылыми әрекеттер және көптеген ориенталисттің тарапынан алға тартылған болымсыз көзқарастар мен дұшпандық пиғылдар тәуелсіз Шығыс мемлекеттерін, “Ислам мен оның өркениетін” жоя алмаған; оған қоса батыстық қоғамдардың бұл жаңа әлем туралы маңызды мағлұмат алуларын қамтамасыз еткен болатын.

Бұл жағдайда батыстықтар «жаңа шығыстанушылық-исламият стратегиясын» қалыптастыруға тырысты. Ол жаңа стратегияның аты болса «батыс-шығыс диалогы» немесе «Ислам-Христиан диалогы» деп аталды. XX-ғасырда Батыстың материалдық жағынан дамып

өрбуінің есесіне рухани және этикалық жағынан шөгуге Шығыстың материалдық және рухани потенциалын (адам ресурсы, мұнай, алтын, шикізат, азық-түлік т.с.с.) пайдалану ойы мен мұсылман қоғамдарына тиесілі “материалдық және рухани потенциалды” бөліске салу немесе өзіне қарату түсінігі, “келіскіш, үйренгіш-синтезші” Ислами ойды қалыптастыру ізденістері, осындай “диалог процесіне” кіруге итермелеген негізгі факторларды құраған болатын.¹

Бұған қоса “диалогпен” іздестірілген және мақсат тұтылған басқа да нәрселер болған. “Диалогтың арғы жағы” немесе “көрінбейтін мақсаттары” деп айтуға болатын бұл тұстар бөлек зерттеудің тақырыбы болып табылады. Тойнби, Ват, Тернер, М. Лило», Ходгсон сияқты “жаңа исламтанушылары” еңбектерінде “байыпты және болымды пікір” қалыптастырған; Шығыс пен Батыс арасында, Ислам және мұсылман қоғамдармен шынайы диалогтарды қолдайтын сыңай танытуда; ғылыми және объективті болуға тырысуда.

Шындығында дамыған Батыспен бай жерасты және жерүсті ресурстарға ие, бірақ әлі дамымаған Шығыс жүздеген жылдар бойы бір-бірімен соғысып, дұшпандық өрекеттерінің ішінде болған Христиандық әлем мен Шығыс Ислам әлемі арасында екі жақты тиімділікке негізделген жақсы қарым-қатынастардың, шынайы диалогтың болуы әр уақытта бүкіл адамзат әлемінің пайдасына шешілмек.

Танымал шығыстанушы М.Г.С. Ходгсон бұндай диалогтың қажет екендігін былайша түсіндіреді:

“Басқаларды сыйламайтын бір адамның өзін-өзі сыйламайтындығы туралы пікір адамдар арасында әрдайым дұрыс болып отырған; сонымен сатар адамның басқаларға құрмет көрсетуі үшін оларға қымбатты болып табылатын нәрселер арқылы қол жеткізу керек. Бұл афоризм жеке дара адамдарға қолдануға болатын сияқты топтарға да қолдануға болады. Бұл афоризм адамзаттың кезкелген бөлігіне қатысты мәселелерді» бүкіл адамзатқа тиесілі және одан бөлек өмір сүріп жатқан қоғамның бұларды шешуге күші жетпейтін бүгінгі әлем қоғамы үшін айрықша қолданбалы болып табылады. Бұдан былай бәсекелес немесе қарсы пікірдің элементтерін алдаушы немесе ақымақ деп есептеп бір шетке ысырып тастай алмаймыз. Бәріміз өз дәстүрлерімізге құрметпен қарауды басқа дәстүрлерді құрметтеуді үйрене отырып үйренуіміз керек.” [1].

Соңғы кездерде түрлі орталарда және баспа беттерінде жиі айтылып жазылатын: Еуропа Одағы, НАТО, ЮНЕСКО, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Қаратеңіз Мемлекеттерінің Аумақтық Достастық Конгресі, Дамыған 20 Мемлекет Ұйымы, ОПЕК, Мұсылман Мемлекеттерінің Достастық Конгресі, Еурік мемлекеттер Ұйымы. Шангхай Ұйымы, Түрік мемлекеттері Ұйымы сынды халықаралық және аумақтық сипаттағы құрылымдар мен бірлестіктер арқылы жүзеге асырылуы көзделген «глобализм-жахандау» (әлемді кішкене үйге айналдыру) қарбаластары діндер, қоғамдар, мәдениеттер мен құрлықтар арасында жаңа диалог ізденістерінде ықпалды болып табылатын басқа бір элемент болып табылады.

«Дос болу және бейбіт өмір сүру әлбетте дұшпан болудан және соғысудан абзал. Оның негізі болса танысу және диалог болып табылады» [2].

Алайда, диалогтың пайдалы болуы үшін Исламға байланысты зерттеулер жасаған батыстықтарға диалог тақырыбында маңызды ауыртпалық түсуде. әуелі олар зерттеулерінде “классикалық шығыстанушылық немесе исламтанушылық түсініктен” қол үзулері қажет [3]. Дұшпанша емес, досша сыңай танытулары керек. Жалпы Шығыс халықтарына, мәдениеттері мен өркениеттеріне, діндері мен тілдеріне құрмет көрсету керек; айрықша да мұсылман қоғамды тіл, дін, нәсіл және мазхаб негізінде айырып бөлшектеуге бағытталған пікірден бас тартулары керек [4]. Осыған байланысты мұсылман қоғамында мазхаб және нәсіл-аумақ негіздерінде бөлушілік жасау; нәтижесінде шиилікті сунниліктің алдына шығару, олардың әр бірін екі бір-бірінен бөлек дін ретінде көрсету; хадисшілерді философтарға, теологтарды-кәләмшыларды сопыларға дұшпан етіп көрсету; түрлі мазхабтар, тариқаттар және

философиялық ағымдарға қатысты жамиғаттар немесе араптар, парсылар, түріктер, барбәрлер және басқа ұлттар арқылы нәсіл, тіл, мазхаб, әдет-ғұрып, мемлекет немесе аумақ негізінде түрлі «исламдар» (шии Ислам, сунни Ислам, Арап Исламы, Түркі Исламы) жарату[5].; Исламды террор, анархия және соғыс діні, мұсылмандарды террористтер, анархисттер және қан төгушілер ретінде таныту немесе олардың қатарында көрсету, Ислам және оның мәдениеті мен өркениеті туралы жаңсақ пікір қалыптастыру түсініктерінен және ізденістерінен бойын тартулары қажет. Исламның сенім, құлшылық және адамгершілік негіздерін тікелей "Исламның өзіндік қайнар көзіне" сәйкес қарастырулары керек. Исламдандырылған мәдениет немесе батыстық өлшемдер, даму мен өркендеу заңдылықтарын немесе мұсылман халықтарына тән жағдайларды ислам мен оның мәдениетін қарастыруда жеке-жеке критерий ретінде алмаулары тиіс.

«Бірлік пен бейбітшілікте болу бүлікшілік пен бөлінушілік жағдайында өмір сүруден жақсы. Адамзат дүниесі сүйіспеншілік пен достыққа барлық нәрседен бұрын мұқтаж болып тұр» [6].

Шындығында, мұраға алған көне өркениетті жоғалып кетуден сақтап, ислам мәдениетінің жоғары сипаттары, жан-жақты құндылықтары негізінде "исламдандыра-исламиндіре" немесе синтез жасап бүгінгі күнге дейін жалғасуын қамтамасыз ету арқылы ислам «өмір сүру үшін өмірлік ету қажет» деген фәлсафаға ие екендігін батыстықтарға, әсіресе, ориенталистерге көрсете білген. Мұсылман мемлекеттері мен халықтары да, өз діндерінің негіздеріне мойынсұна отырып, ғасырлар бойы қоластында өмір сүрген христиан, иврит, мәджуси, буддист және басқа да діндерге тиісті қауымдарға кішіпейілділік танытып, олардың жан саулығы мен мал саулығын, сондай-ақ саватты өмір сүру салтын қамтамасыз ету арқылы өзара келісім мен жахандану түсінігінің көш бастаушылары болды.

Негізінен, дінаралық және халықаралық қатынастардың басы көне дәуірлерге барып тіреледі. Мұсылмандардың христиандармен, исламның христиан дінімен, ивритпен байланысы ислам дінінің Меккеде пайда болуы, яғни Қазірет « Мұхаммедтің елшілігімен басталады. Ислам Пайғамбары дінді жеткізу мен оған шақыруда алғашқы үндеуін мүшріктерге, христиандар мен яхудиелерге жасады[7].

Сонымен қатар, Араб түбегінде исламның алғашқы кезеңінде де, Өз. Мұхаммедтен кейінгі шақтарда да мұсылмандар, христиандар және яхудиелер бірге өмір сүрді; кейде тағдырлас болып, жақсы-жаман жағдайларды бірге бастан кешірсе, кейде бір-бірімен жауласып, соғысып отырған. Жаулау әрекеті жүзеге асқан территорияның маңызды бөлігін Алдыңғы Азия, Африка және Еуропа сияқты христиан және яхуди қауымдары ғұмыр кешкен өлкелер құрады. Ислам мәдениеті мен өркениеті де осы территорияларда қалыптасып, дамыды.

Дегенмен де, ислам және мәдениеті яхуди және христиан қауымдарының бір бөлігі тарапынан «жаңа қан, жаңа жан» деген түсінікпен қабылданса, олардың басқа бөлігі жаңа дін мен өркениетін өздері үшін зарарлы әрі қауіпті деп санап, сондықтан да оны мойындамады. Сонымен бірге, ислам және мәдениетінің алғашқы төрт жүз жыл ішінде Орта Шығыс, Африка (әсіресе Солтүстік Африка) және Еуропаға (Испания) ұласуына кедергі жасалына алмаған. Бұл жағдай христиан және яхуди қауымдарын екі жақты әрекет жасауға итермеледі. Оның бірі материалды және рухани құндылықтарын қорғай отырып өміршеңдігін жалғастыру, ал екіншісі ислам мен мәдениетінің жайылып, дамуын тоқтату болды[8].

Міне, осы түсінік пен әрекет, бір қарағанда, «шығыстанушылықтың» басталғандығын білдірді.

Батыс дүниесі, яғни яхуди және христиан ұлыстарынан тұратын әлем исламның жайылу- таралу және даму кезеңінде (алғашқы 3-4 ғасырлық кезең) ескі басқару жүйесінен туған ішкі қайшылықтармен, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени дағдарыстарымен әлек болып жатты. Дін және ағымдар арасындағы қақтығыстар, саяси

билік, шіркеу мен халық арасындағы билік үшін күрес батыстықтардың әбден ығырын шығарды. Ислам мен оның мәдениетінің Батысқа әсер ете бастауы бұл әлемдегі дұшпандық пен ішкі қайшылық жағдайын біршама тоқтатса да, олардың күш біріктіре отырып жаңа дін мен оның өкілдеріне қарсы күресу түсінігінің қалыптасуына себеп болды. Яғни Араб түбегінде пайда болып, Алдыңғы Азия қауымдары арасында жайылған жаңа дін, христиан қауымдары мен яхудилерді араларындағы ішкі қайшылықтар мен үстемдік жолындағы күрестерді қойып, бірлік пен ынтымақ жағдайында болуға мәжбүр етті[9].

IX ғасырдың соңы мен X ғасырдың басында Орта Азия түрік халықтарының мұсылман болуы, кейін ірі мемлекеттер құрып исламның саяси, билік, әскери және ғылыми күші ретінде тарих сахнасына шығуы әлем тарихының барысын да, христиан дүниесінің әрекет өрісі мен мүддесін де өзгертіп жіберді. Салжұк билеушісі, түрік сұлтаны Мәлікшахтың 1072 ж. аббастық халифадан "мүміндердің әміршісі" (әмиру-л-муминин) атағын алуы, христиан дүниесін исламның толығымен Орта Шығыстан шығарылатындығы туралы ойға жетеледі. Нәтижеде шіркеу исламға қатысты не болса, барлығын құртуды көздейтін күшке енді. Бұл түсініктің қанды көрінісін 1096 ж. басталып екі ғасырға созылған Крест жорықтары құрады. Тек, Крестшілік идеясын ұстанған христиан жаулаулары түрлі сипаттармен мұсылман өлкелерінде бүгінге дейін жалғасып келген[10].

Біз әлемде бір ғана ұлттан тұратын мемлекетті білмейміз, басым көпшілігі жергілікті халық болғанымен қазіргідей интеграциялық үдерістер тоқтаусыз жүріп жатқанда таза бір ұлтты мемлекет жоқтың қасы. Бірақ өздерінің шетелде тұрып жатқан қандастарын мемлекеттік деңгейде көңіл бөліп, қабылдап жатқан елдер тым аз. Біз олардың қатарына Германия, Израйль және Қазақстанды ғана жатқыза аламыз. Германияның арнаулы мемлекеттік орындарының зерттеуінше іске асырылған пилоттық жоба зерттеуде шетелдегі қандастарын қабылдауда үш мақсатты басты орынға қойған. Олар: Біріншіден, мигранттардың қабылдаушы елдердің қоғамына, саясатына және экономикасына тигізетін әсері туралы жақсы түсінік алу. Екіншіден, салыстырмалы әлеуметтік зерттеулер жүргізу арқылы мигранттардың жағдайы туралы білімдерін жетілдіру. Соңғысы, көшіп келушілерді орналастыру және жұмыспен қамтуды тиімді ұйымдастыру мақсатында ұлттық және халықаралық ынтымақтастықтың күшті және әлсіз жақтарын анықтау (Babets, I., & Ruda, O., 2018). Германияның осы жобасының маңыздылығы жоғары. Оны елімізде қолдануға толық болады. Себебі, елімізде шетелден келген қандастар туралы ұқсамаған көзқарастар әлі де бар, оның үстіне мемлекет тарапынан толық қанды, бір ізді зерттеу жок. Зерттеу болмағандықтан ғылыми тұрғыда қандастардың еліміздің экономикалық, саяси және әлеуметтік дамуына қандай оң әсер етіп жатқаны туралы нақты тұжырым болмай отыр. Қандастардың елге оралған соңғы әлеуметтік жағдайы жөнінде де зерттеу болмай келеді. Бұның бәрі шетелден оралған қандасатрдың әлеуметтік, ғылыми және іскерлік әлеуетін толық пайдалана алмауға әкеліп соғуда.

Бұдан тыс, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын қазақтардың нақты санын бағалау қиын. Олар туралы ақпарат та әр түрлі. Мысалы, Досан Баймола өзінің

«Еуропадағы қазақтар» атты кітабында: « әлемнің 40-тай мемлекетінде шамамен 5 млн-ға жуық қазақ өмір сүріп жатыр» деп жазды (Досан Баймола, 2015:192). Ал белгілі журналист Біләл Қуаныш «Қамшы.кз» сайтында әлемде **20 млн. қазақ бар деп жазды** (Біләл Қуаныш, 2014ж.). Олардың нақты санын ала алмаудың да бірнеше түрлі себебі бар. Ол сол елдегі санақ саясатына байланысты болса және бір жағынан елдің этникалық тобын жазбаудан да орын алып отыр. Бірақта, әлемнің түрлі елдерінде тұратын этникалық қазақтардың жалпы санына байланысты анықтауға болады. Осы жалпы санақ бойынша қазақтар қоныстанған елдерді негізінен үш санатқа бөлуге болады. Олар:

1. Этникалық қазақтар аса басым қоныстанған елдер. Мысалы, Қытай Халық Республикасы (ҚХР, Қытай), Өзбекстанда және Ресей. Бұларда қазақ диаспорасының барлық мүшелерінің шамамен 90%-ы әлі күнге дейін тұрады.

2. Этникалық қазақтар аз қоныстанған елдер. Бұлардың санатына - Орталық Азия елдері мен Моңғолия, Ауғанстан, Иран және Түркия республикалары кіреді. Бұл елдерде он мыңнан- 100 мыңғаға дейін диаспора мүшелері мекендейді.

3. Этникалық қазақтар тым сирек қоныстанған елдер. Бұл елдерде он мыңға дейінгі этникалық қазақтар тұрады. Бұл елдер қатырына АҚШ, Канада, Германия, Франция және Швеция елдері мен өзге де мемлекеттер қамтылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланың зерттеу тақырыбына байланысты Қазақстандық ғалымдар тарапынан біршама еңбектер жарияланды. Мысалы, Гүлнар Омарованың «Қазақ диаспорасы. Философиялық талдаулар» зерттеуі, Меңдіқұлова Гүлнардың «*Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие*» -атты монографиясы, К.Н.Балтабаеваның «Казахская диаспора и репатриация. 1991-2012» атты қазақ және орыс тілдеріндегі (соавтор, 2015, 2016) еңбегі, Нәбижан Мұқаметханұлының «Қытай қазақтырының қоғамдық тарихы» атты еңбегін атап айтуға болады. Бұдан сырт, Қытайтану және өзгеде шетелдегі қазақтар туралы зерттеген еңбектер қатарында Дүкен Мәсімханұлының «Шығыс әлемі: Аңыз бен шындық» атты зерттеулер жинағын, Досан Баймолданың 2015 жылы жарық көрген “Еуропадағы қазақтар” -атты зерттеу жұмыстарын және Нәбижан Мұқаметханұлының «Дипломатиялық қатынастар және Қытайтану мәселелері» -атты еңбегін қарастыруға болады. Бұдан бөлек шетелдік, әсіресе қытайлық ғалымдардың еңбекетір мен статистикалық мәліметтер зерттеуге алғашқы материалдық негіз болды. Зерттеу әдістеріне, баяндау, салыстыра талдау, тарихи, географиялық үлгілеу және математикалық әдістер бірлестіріле пайдаланды.

Талқылау

Этникалық қазақтардың географиясы мен көші-қоны контекстіндегі Қазақстан-Қытай қатынастары екі елге, сондай-ақ жалпы қазақтардың этникалық тобына әсер ететін маңызды және күрделі динамиканы білдіреді. Осы мәселенің негізгі аспектілерін қарастырайық.

Географиялық аспектілері:

Қазақстан мен Қытай бір-бірімен 1,700 шақырымнан астам уақыт бойы шектеседі, бұл оларды маңызды геосаяси және экономикалық мүдделері бар көршілерге айналдырады. Бұл шекара екі ел арасындағы қарым-қатынасқа айтарлықтай әсер етеді.

Еуразияның орталығында орналасқан Қазақстан аумағы бойынша Орталық Азиядағы ең ірі ел болып табылады. Оның геосаяси жағдайы оны аймақтық саясат пен экономиканың негізгі ойыншысы етеді. Екінші жағынан, ірі экономикалар мен әлемдік державалардың бірі болып табылатын Қытай Қазақстанмен көрші және экономика, сауда және қауіпсіздік саласындағы әлеуетті әріптес ретінде қарым-қатынасты дамытуда стратегиялық мүддеге ие.

Этникалық қазақтардың көші-қоны:

Этникалық қазақтардың көші-қоны Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастың маңызды аспектісі болып табылады. Тарихи тұрғыда қазақтар шекарадан өтіп, жайылымдар мен жақсы өмір іздеп қоныс аударған көшпелі халық болды. Көптеген қазақтар қазіргі уақытта Қытайда орналасқан, бірақ Қазақстанмен тарихи, мәдени және этникалық байланыстары бар аумақта тұрады.

Қазіргі заманғы көші-қон процестері қазақтардың Қытайдан Қазақстанға қоныс аударуын да, әсіресе Қытайдағы экономикалық жағдайдың жақсаруын және Қазақстандағы тұрақтылықты ескере отырып, кері қозғалысты да қамтиды. Бұл көші-қон ағындары екі елдің этникалық құрамына әсер етеді және әлеуметтік интеграцияны қамтамасыз ету және этникалық азшылықтардың құқықтарын қорғау үшін үкіметтердің назарын талап етеді.

Елдер арасындағы қатынастарға әсері:


Этникалық қазақтардың көші-қоны Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынастарға оң да, теріс те әсер етуі мүмкін. Бір жағынан, Қытайдан Қазақстанға қоныс аударған қазақтар екі ел арасындағы мәдени және экономикалық байланыстарды нығайтуда көпір бола алады. Екінші жағынан, көші-қон мәселелері, соның ішінде заңсыз көші-қон және этникалық азшылықтардың құқықтарын бұзу шиеленісті тудыруы мүмкін.

Жалпы, көші-қон процестерін басқару және этникалық қазақтардың құқықтарын қорғау Қазақстан-Қытай қатынастарының маңызды аспектілерін білдіреді. Екі ел де этникалық топтардың тұрақтылығы мен өркендеуін қамтамасыз ету және егемендік пен мәдени әртүрлілікті құрметтеу негізінде өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту үшін ынтымақтасуы керек.

Зерттеу нәтижелері

Сөзіміздің негізгі тақырыбына оралатын болсақ, әлемде этникалық қазақтар ең көп қоныстанған елдің бірі – Қытай Халық Республикасы. Қытайдағы қазақтар – Қытайдағы ірілі-ұсақты 56 ұлттың арасында 16-шы орынды иеленеді. Олардың 95%-ы Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында тұрады (Шыңжаң). Қазақ диаспорасының нақты санын Қытай Халық Республикасы құрылғаннан осы уақытқа дейін жүргізілген 6 жалпы халық санағы арқылы білуге мүмкіндік бар. Алайда, 2020 жылдың мамыр айында жарияланған халық санағында халықтың ұлттық құрамы туралы статистикалық көрсеткіштер көрсетілмеді. Сол себепті Қытайдағы қазақтардың үлесін тек 2010 жылғы халық санағына сүйене отырып, әр түрлі уақыт кезеңіндегі санын анықтауға болады (1-суретке қараңыз). Динамикадан қазақтар санының 1953 жылдағы 500 мыңнан аз артық халықтан 2010 жылы 1,4 млн. астам адамға көбейгенін байқауға болады. Бұл қытай халқының жалпы санының 0,1097%-ын құрайды. Қытайдағы қазақ диаспорасының саны тарихи, саяси, экономикалық, этнопсихологиялық, әлеуметтік факторлары негізінде өсіп келеді.

1-сурет. Қытайдағы қазақ диаспорасының тарихи даму динамикасы [1]



Қытайдың ұлттық саясатына сәйкес қазақтар сияқты этникалық азшылықтар тұратын аймақтар автономды басқару бірліктер құзырында. Жоғарыда айтылғандай, қазақтардың ең үлкен тобы Шыңжаң аймағында тұрады (2-суретке қараңыз). Бұл аудан Қытайдың жалпы әкімшілік бөліністері ішіндегі ең ірісі. Жер аумағы 1 664 900 км² құрайды. Бұл мемлекет аумағының 1/6 бөлігі болып табылады.

Шыңжаң ауданы Тянь-Шань таулары арқылы екі негізгі географиялық аймаққа бөлінген: солтүстігінде Жоңғария, оңтүстігінде Тарым ойпаты. Жоңғария 3 тау жотасымен қоршалған: солтүстік-батыста Жоңғар Алатауы, оңтүстігінде Тянь-Шань және солтүстік-шығыста Алтай таулары. Ол негізінен дала мен жартылай дала аймақтарынан тұрады. Аумақ ертеден жайылым ретінде пайдаланылған, дәнді дақылдар өндірісі дамыған. Сондай-ақ, өңірде мұнайдың айтарлықтай қоры кездеседі. Қытай қазақтары міне осы өңірді негіз етіп қоныстанған. Ал Тарым ойпаты солтүстігінде Тянь-Шань, батысында Памир, оңтүстік-батыста Қаракорым, оңтүстігінде Куньлун және оңтүстік-шығыста Алтынтағ тауларымен қоршалған. Әлемдегі ең ірі құмды шөлдердің бірі Такламакан шөлі Тарым ойпатының кең аумағын алып жатыр. Ал Такламаканның солтүстік жағында Шығыс Тянь-Шань жотасымен шектелген Тұрфан ойпаты орналасқан [3]. Бұл өңірде қазақтар тым сирек қоныстанған.

Жалпы алғанда Шыңжаң аймағында қазақтар 3 автономиялық бірліктерде мекендейді Олар [4]:

Бастысы - Іле Қазақ автономиялық облысы. Облыс Моңғол Алтайының шығыс-оңтүстігі мен Тянь-Шаньның тауларының сілемдерін және Жоңғар Алатауының шығыс аумағын қамтиды. Бұл аймақта қазақ диаспорасының басым бөлігі шоғырланған Алтай, Тарбағатай және Іле аймақтары (Қазір Іле аймағы деп аталмайды, бірақ оған қарасты аудандар әлі де сақталған) орналасқан. Онда 2012 жылғы халық саны – 4,63 миллион адам бары анықталған. Аумағы 268,591 км² болып, Шыңжаң аумағының 16,18% құрайды [5]. Солтүстік-шығысында Қазақстанмен шектесіп жатыр. Экономиканың негізін ауыл шаруашылығы құрайды: онда мақта, қызылша, бидай, жүгері, күріш, бақша дақылдары өсіріледі, мал шаруашылығы дамыған.


Қытай қазақтары қоныстанған келесі бір жер – Мори Қазақ автономиялық ауданы. Аудан Шыңжаңның солтүстік-шығысындағы Санжы-Дүнген автономиялық облысының құрамында. Жер аумағы – 17 700 км². 2012 жылы халық саны 90 000 адамды құрады [6].

Шыңжаңдағы қазақтар қоныстанған аймақтың бірі Құмыл аймағының құрамындағы Баркөл Қазақ автономиялық ауданы. Жер аумағы 38 445,3 км², халық саны – 100 000 адам (2012 ж.) [7].

Қытай қазақтарының Шыңжаңнан басқа шоғырлы қоныстанған жері- Гансу провинциясының солтүстік-батысындағы Ақсай Қазақ автономиялық ауданы болып табылады. 2010 жылғы халық санағына сәйкес, қазақ диаспорасының 4 444 өкілі тұрады. Аудан аумағы – 32,374 км² [8]. Ақсай Қазақ автономиялық ауданы табиғи ресурстарға бай. Халқы, негізінен, мал шаруашылығымен, балық аулаумен айналысады.

Қытай қазақтары бұдан бөлек, Үрімші қаласында (70 мыңға жуық), Пекин, Тяньцзинь, Шанхай және Чунцин қалаларында 91 қазақ қоныстанған. Ірі қалаларға көші-қон себебі – негізінен, еңбек немесе оқу мақсатында жүзеге асырылады.

3-сурет. Қытай қазақтарының таралу статистикасы (2010 жылғы мәлімет) [9]



Қазақстан Республикасы (ҚР) егемендігін алған соң, алдына қойған мақсатының бірі – шетелдегі қазақтарды елге оралту болды. Бұл үдеріс мемлекеттің сыртқы саясатымен бірге қалыптасып, дамып отырды. Мысалы, 1992 жылы қаңтарда Қытай Халық Республикасымен (ҚХР) сауда-экономикалық келісімнің жасалуымен екі мемлекет арасында 68-ге жуық келісімдерге қол қойылды. Нәтижеде көші-қон қарым-қатынасы да жандана бастады. Қазіргі таңда ҚР мен ҚХР арасындағы көші-қон экономикалық, тарихи, географиялық, саяси-құқықтық, әлеуметтік, этнодемографиялық, этномәдени факторлар мен себептерге негізделген.

Қазақстан Республикасының сыртқы көші-қоны сальдосы ТМД-елдерінен басқа да шет елдермен 2019 жылы -1444 адамды, ал 2020 жылдың қаңтар-маусым аралығында 774 адамды құрап, оң нәтижеге жетіп отыр. Соның ішінде ҚР мен ҚХР арасындағы көші-қонының қарқынды әрі оң көрсеткіштері анықталады. Кетушілерден Қазақстанға келген адамдардың саны басым. Көші-қонның оң нәтиже беруі екі елдің географиялық жақын қоныстануына тікелей байланысты. Одан басқа, экономикалық (еңбек нарығындағы жағдайды қоса алғанда), тарихи, географиялық, саяси-құқықтық, әлеуметтік, этнодемографиялық, этномәдени факторлар мен себептерге де негізделген.

Қазіргі кезде ҚР мен ҚХР арасындағы көші-қонның артуы мына факторлар арқылы жүзеге асуда [10]:

Сауда көші-қоны (1980 жылдардан бастап);

1. Еңбек көші-қоны немесе шетелдік жұмыс күшін тарту (1990 жылдардан бастап);
2. Шағын және бірлескен кәсіпкерлік көші-қоны (2000 жылдардан бастап);
3. Білім көші-қоны (2000 жылдардан бастап);
4. Транзиттік көші-қон (Қытайдан Орта Азия елдері арқылы Еуропаға);
5. Этникалық қазақ көші-қоны (1990 жылдардан бастап).

Осы көші-қон түрлері ішінде Қазақстанның геосаяси мүддесіне тиімді әрі экономикалық өсуіне оң ықпал ететіні - этникалық қазақтар көші. Бұл көштің өзгелерге қарағанда маңызды әрі сандық тұрғыда басым болуы Қазақстан тарапынан заңдық-құқықтық базаларының жасақталуы. Мысалы Қазақстан Үкіметінің 1998 жылдың 28 шілдесіндегі № 707 «Еңбек көші-қоны және қоныс аудару тәртібімен тарихи Отанына оралған ұлты қазақ адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» қаулысының қабылдануы және өзге де заңдық-құқықтардың қалыптасуы шетел қазақтарын Қазақстанға тартудың әр жылғы квотасын бекітті. Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланған кейін қазақ диаспорасының көші-қоны мәселесін шешуде жаңа кезең басталды. Алғаш 1992 жылы 26 маусымда «Көшіп келу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. 1993 жылы 15 сәуірде республика президенті «Көші-қон квотасы және Иран Ислам Республикасынан

және басқа мемлекеттерден отандастарымыздың көшіп келуін ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» қаулыға қол қойды. Бұл шараларды мемлекет тарапынан бақылау үшін республикада 1997 жылы Көші-қон және демография жөніндегі агенттік құрылды. Этникалық қазақтар «оралман» аталып, олардың көші-қонына байланысты заңдық статусы 1997 жылғы «Халықтың көші-қоны туралы» заңында ресми түрде қабылданды. Осы бойынша шетелдегі қазақтарға әр жылғы көші-қон квотасы беріле бастады (1-кестеге қараңыз).


1- кесте. Қазақ диаспораларына бөлінген квота жағдайы (1995-2007жж.) [11]

Жылдар	Жалпы квота	Қытай қазақтарына
1995	5000	470
1996	4000	360
1997	2180	75
1998	3000	100
1999	500	60
2000	500	60
2001	600	40
2002	2655	45
2003	5000	460
2004	10000	666
2005	15000	1065
2006	15000	1065
2007	15000	1065

Шетел қазақтарына бөлінген қаржылық квота 2007 жылдан соң біржолата тоқтады. Оған 2007-2008 жылдары орын алған әлемдік қаржылық дағдарыстың орын алуы себеп болды. Оның үстіне тұрғын үй мен жер телімдерінің бағасының шектен тыс қымбаттауы шетелден келген қазақтарға жер немесе паспана берудің жағдайын қиындатты.

Ал енді екі мемлекет арасындағы жалпы көші-қон жағдайына тоқталар болсақ, өзіндік ерекшелікке ие болып отыр. Оны (4-сурет) бойынша иммигранттар саны бойынша талдау жасар болсақ Қазақстанға келген адамдар 2013 жылдан 2019 жылдар арасындағы өсу динамикасы әр түрлі болған. Ең жоғары кезең 2017 жылға тиесілі (3015) болса, ең төмен көрсеткіш 2014 жыл (630 адам) болған. Ал одан кейінгі жылдары азайған. Бұл Динамикалық өзгерістен Қазақстанға Қытайдан келген иммигранттардың тұрақсыз көшкінін байқауға болады.

4-сурет. ҚР-на келген иммигранттар санының динамикасы [12]




Ал Қазақстан Республикасынан Қытай Халық Республикасына кеткен эмигранттар санының динамикасына келер болсақ (5-суретте көрсетілген), Екі ел арасындағы кеткен адамдар саны тұрақты артқанымен, соңғы жылдары көрсеткіштер өзгеруде. Эмигранттардың басымы бөлігі – жастар. Бұл Қазақстандықтар үшін Қытайдың жоғары оқу орнындағы тегін білім алу бағдарламаларының жылдан жылға артуына байланысты [13]. Себебі Қытайда білім алу құны Солтүстік Америка, Аустралия немесе Еуропа елдерімен салыстырғанда қол жетімді әрі білім беруі де сапалы [14].

Қазақстан мен Қытай арасындағы білім беру байланыстарын дамыту Қазақстан мен Қытай арасындағы саяси және экономикалық ынтымақтастықтың серпінді дамуына, сондай-ақ тұлғааралық байланыстардың өсуіне негізделген заңды процесс болып табылады. Қытай үшін білім беруді интернационалдандыру – бұл елдің халықаралық беделін арттырудың және батыс жүйеге балама ұсынудың бір тәсілі. Қазақстан үшін Қытай университеттерімен өзара іс-қимыл академиялық ұтқырлық пен ғылыми-зерттеу ынтымақтастығының мүмкіндіктерін кеңейтуге, сондай-ақ елдің еңбек нарығын түрлі салалардағы білікті мамандармен қамтамасыз етуге ықпал етеді. [15].


Соған орай, 2016 жылдан бастап көші-қонның қарқындылығы байқалады, дегенмен 2019 жылы кеткен адамдар саны азайып, 2020 жылдың қаңтар-маусымында кеткен адамдар жоқ. Бұны әлемде белең алған пандемияның әсері деп түсінуге болады.

5-сурет. ҚР-нан ҚХР-на кеткен эмигранттар санының динамикасы [16] stat.gov.kz



Ал енді екі мемлекет арасындағы иммигранттар мен эмигранттар санына талдау жасайтын болсақ, (6-суретке қараңыз) ҚР мен ҚХР арасындағы көші-қон сальдосының оң көрсеткіштерін байқауға болады. Алайда 2013-2020 жылдар аралығындағы көші-қон санының тұрақсыздылығы есебінен әр жылда көші-қон айырымының бір өсіп, бір азайғаны аңғарылады. 2014 жылдан бастап 2017 жылдары көші-қон айырымының тұрақты өсімін көруге болады [17].


6-сурет. Екі мемлекет арасындағы иммигранттар мен эмигранттар санына талдау



Сонымен бірге, екі мемлекет арасындағы көші-қон әр өңірде әртүрлі. Қытаймен шекараның Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігімен бөлінуінің себебінен Алматы мен Шығыс Қазақстан облыстарында көші-қон айқын байқалады. Сонымен бірге, елордамыз Нұр-Сұлтан қаласы мен Ақмола облысына, миллионер қалалар – Алматы, Шымкент қалаларына иммигранттар көптеп келеді. Өңірлер арасында Батыс Қазақстан, Қызылорда облысына ҚХР-нан келетін иммигранттар саны ең аз. Ал 7-суреттен көрсетілгендей, 2019 жылы Алматы облысына 817 иммигрант келіп, облыстар арасында алдыңғы орынға ие.


С. Кожированың зерттеуі бойынша, қытай көші-қонының негізгі орталықтарына Алматы, Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары жатады (7-суретке назар салыңыз). Алматыда қытай компанияларының өкілдіктері бар. Ал Нұр-Сұлтан қаласы – құрылыстарда, Ақтөбе облысында мұнай және газ өндіру бойынша қызмет көрсетумен байланысты кәсіпорындарда жұмыс істейді. Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарында кірпіш, черепица, тамақ өнімдерін өндіруге мамандандырылған кәсіпорындар бар [18].

7-сурет. Өңірлер бойынша иммигранттар саны



ҚР мен ҚХР арасындағы негізгі эмигранттар ағыны Алматы, Шығыс Қазақстан облыстары мен Алматы қаласынан байқалады. Алматы облысынан – 88 адам, ал Шығыс Қазақстан облысынан – 1 адам, Алматы қаласынан 3 адам Қытай Халық Республикасына қоныс аударған. Бұл әр өңірде иммигранттар санының артып, ал эмигранттардың азаюын білдіреді. 8-суретте көрсетілгендей, көші-қон айырымы бойынша ең жоғарғы көрсеткіш Алматы облысына тиесілі (729 адам). Содан соң Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында көші-қон сальдосы сәйкесінше 353; 203 адамды құрайды. Ақмола, Шығыс Қазақстан, Атырау облыстары көші-қон сальдосының орташа көрсеткіштеріне ие.

8-сурет. Өңірлер бойынша көші-қон айырымы



Алайда көш мүлде тоқтап қалған жоқ. Жалғасып жатты. Оған мемлекеттік қолдаудың маңызы зор болды. Мысалы, 2020 жылғы 13 мамырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін зерттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу» заңнамасына қол қойды. Енді Қазақстанда тарихи Отанына оралған қазақтарға қатысты «оралман» сөзін «қандас» терминімен алмастырылды, бұл «туыс, бір туған» дегенді білдіреді [19]. Қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, тарихи Отанына келген және Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері [20].

Қытай қазақтарының тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстанға қоныс аударуын үш кезеңге бөлуге болады [21]:

1-кезең – 1991-2000 жж. аралығы. Тартымдылық факторы Қытайдан келген қазақ диаспорасының Қазақстанға көшу туралы шешім қабылдауының негізгі себебі болды. Сол жылдар аралығында Қазақстан егемендіктен кейін дағдарыстарды бастап кешірді және 1997 жылы қабылданған «Көші-қон туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қандастарға көрсетілетін көмек көлемі қысқартылды. Дегенмен бұл жағдайлар Отанына оралуды мақсат тұтқан қандастарды тоқтатпады.

2-кезең – 2001-2008 жж. аралығы. Аталған жылдары Қазақстан Республикасының экономикалық жағдайы әлемдік нарықта мұнай бағасының өсуімен жақсарып, Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық қатынастар жанданды. Бұл қандастарымыздың елімізге оралуына түрткі болды. 1995-2002 жылдар аралығында Қытайдан Қазақстанға қоныс аударған этникалық қазақтардың саны 4293 адамды құраса, 2005 жылы олардың саны 13 909 адамға жетті. Оралушы қандастар саны жылдан жылға артты. Осылайша қандастар саны 2007 жылы 1 қаңтарда 37 788 адам, 2008 жылы 54 327 адамды құрады.

3-кезең – 2010-2020 жж. аралығы. Бүгінде Қытай Халық Республикасы экономикасының жоғары көрсеткіштерімен, әлемдегі екінші экономика болып отыр. Бұл жағдай этникалық қазақтардың бір бөлімінің Қазақстанға қоныс аударуына тосқауыл болса, тағы бір басты себеп-екі елде соңғы 10 жыл ішінде жүргізілген этникалық қазақтар көші-қонын тежеу саясаты болды. Бұл саясат Қытайда да, Қазақстанда да орын алды. Алайда екеуінің сипаты екі түрлі болды. Қытайда жалпы азшылыққа қарсы қысым күшейіп, олардың еркін қозғалысына шектеу енгізілсе, Қазақстанда түрлі талап пен қағаз бастылыққа жол беріліп көштің кідіруіне себеп болды. Алайда алдағы жаңа Қазақстан жағдайында қазақ көшінің жанданып, дамитынына сенеміз. Ол қазіргідей тұрақсыз геосаяси жағдайда Қазақстан үшін де, этникалық қазақтар үшін де ең қажетті шара болып табылады.

Қорытынды

Адамзат тарихына көз жібергенімізде, халықтың ішкі және сыртқы көші-қоны-бұрыннан бар және ол көптеген халықтарға тән, ортақ үрдіс. Алайда, олардың арасында қалыптасудың себебі мен салдары әр түрлі. Ол сол кездегі саяси-тарихи шарт-жағдай мен ұлттың немесе азаматтардың жеке шешімімен байланысты. Бұл туралы танымал әлеуметтанушы, саясаттанушы ғалымдар Стивен Каслс Марк Дж. Миллер былайша қорытындылайды: «population shift from countries are not similar amongst themselves and is defined by personal decisions of people taking part in the shifting and is a function of globalizing economy» [12]. Демек, бұл – адамзат өркениеті мен экономиканың ғаламдануындағы бір функция ретінде қаралатын және бағаланатын құбылыс.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы көші-қон сальдосы оң. Кетушілерден қарағанда келушілер саны артуда. Ол жұмыс көзі бар аймақтарға келіп, жұмысқа қабілетті халықтың үлесін арттырумен сипатталады. Білім мен жоғары табыс табу көші-қонның маңызды факторы болып табылады. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы көпұлтты әрі халық тығыздығы ҚХР-ға қарағанда төмен болғандықтан елімізге қоныс аударып келушілердің саны басым. Қазіргі таңда екі ел арасындағы достық қарым-қатынас көші-қон санының артуына әлде де әсер етпек.

Әдебиет:

1. Babets, I., & Ruda, O. (2018). Influence of immigration on economic security of Germany. *Social and Legal Studies*, October 2005, P.4.
2. Досан Баймола. Еуропадағы қазақтар (тарихы және бүгінгі жағдайы) / Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы. “Атажұрт” баспасы, 2015. - 192 б.
3. Біләл Қуаныш. **Әлемде 20 млн. қазақ бар.** <https://qamshy.kz/> 02 мамыр, 2014ж.
4. Sultangaliev G.S, Xing Jin Kazakhs of China and Kazakhstan: number and resettlement (19-20th century) // *KazNU BULLETIN*. – Almaty. – 2017. <https://articlekz.com/en/article/18739> (Дата обращения: 24.06.2022)
5. Bellér-Hann I. (2008) Community Matters in Xinjiang: 1880-1949 // *China Studies*, Volume: 17. – 2008. – P. 35-36 <https://doi.org/10.1163/ej.9789004166752.i-477.13> (Дата обращения: 02.09.2022)
6. Gavin. The Chinese Kazak Ethnic Minority, History and Customs of Kazak People. Updated Mar. 18, 2021 <https://www.chinahighlights.com/travelguide/nationality/kazak.htm> (Дата обращения: 24.06.2022)
7. 伊犁哈萨克自治州概况地图 <http://www.xzqh.org/html/show/xj/22378.html> (Дата обращения: 09.09.2020)
8. 奎 哈 萨 克 自 治 县 概 况 地 图 <http://www.xzqh.org/html/show/xj/22494.html> (Дата обращения: 09.09.2020)
9. 巴里坤哈萨克自治县概况地图 <http://www.xzqh.org/html/show/xj/22645.html> 09.09.2020
10. 阿克塞哈萨克族自治县概况地图 <http://www.xzqh.org/html/show/gs/20575.html> (Дата обращения: 09.09.2020)
11. Rakisheva B. Certain aspects of ethnicity of the Kazakhs of China // *Asia and The Caucasus*. – Volume 16, Issue 2. – 2015. – P. 117
12. Садовская Е. Китайская миграция в странах Центральной Азии: Казахстан, Кыргызстан и – далее везде? // *Китай в мировой и региональной политике. История и современность*. – 2009. – С.137-138
13. Положение оралманов в Казахстане. Обзор / UNDP Kazakhstan. – Алматы, 2006 г. – С. 10

14. stat.gov.kz (электронды ресурс).
15. С. Кошанова, Б. Ракишева, А. Мажитова, Г. Ашкенова. (2016) Некоторые аспекты учебной миграции из Республики Казахстан в Китайскую Народную Республику // Казахстан Спектр, №1, С. 65.
16. Lu Z., Li W., Li M., Chen Y (2019) Destination China: International Students in Chengdu // International Migration 57(3), pp.354-372. DOI: <https://doi.org/10.1111/imig.12464> (Дата обращения: 01.05.2021)
17. Serikkaliyeva A.E., Nadirova G.E., Saparbayeva N.B (2019) Educational migration from Kazakhstan to China: Reality and prospects // Integration of Education 23(4), pp.504-517 DOI: <https://doi.org/10.15507/1991-9468.097.023.201904.504-517> (Дата обращения: 01.05.2021)
18. Қазақстан Республикасының демографиялық жылнамалылығы / Статистикалық жинақ // ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті, Астана, 2018, 227-бет. <https://stat.gov.kz/> (Дата обращения: 01.05.2021).
19. Кожирова С. Казахстанский вектор китайской миграции. https://www.enu.kz/ru/lica-enu/kozhirova-svetlana-basievna/?sphrase_id=2649129 (Дата обращения: 01.05.2021).
20. Термин "оралман" заменили на "кандас" в Казахстане https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/termin-oralman-zamenili-na-kandas-v-kazahstane-413101/ (Дата обращения: 01.05.2021)
21. «Халықтың көші-қоны» туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы.
22. Dalelkhana A., Mazhidenova D., Azmukhanova A., Tuleshova L., Aliyeva S. Kazakhstan Return migration issues in Kazakh-Chinese relations: Mobility and immobility in migration of Kazakh diaspora in China // Opción. – Vol. 34, no. 85. – 2018. – P. 582-604.
24. [Castles, Stephen and](#) Mark J. Miller (2003) Migratory Process the Formation of Ethnic Minorities; The Age of Migration. New York, Guilford Press, pp. 21-49.

References:

1. Babets, I., & Ruda, O. (2018). Influence of immigration on economic security of Germany. Social and Legal Studies, October 2005, R.4. [In English].
2. Dosan Baymola. Europadagy Kazakhtar (tarikhy zhane bygingi zhagdayy)/ Almaty: Dyniezhzyzi kazakhtary kauymdastygy [Kazakhs in Europe (history and current situation) / Almaty: Association of World Kazakhs]. "Atazhurt" baspasy, 2015. - 192 b. [In Kazakh].
3. Bilal Kuanysh. Alemde 20 million Kazakh bar [There are 20 million Kazakhs in the world]. <https://qamshy.kz/02mamyr,2014>. [Electronic resource]. [In Kazakh].
4. Sultangaliyeva G.S, Xing Jin Kazakhs of China and Kazakhstan: number and resettlement (19-20th century) // KazNU BULLETIN. – Almaty. – 2017. <https://articlekz.com/en/article/18739> (Date of access: 06/24/2022). [Electronic resource]. [In English].
5. Bellér-Hann I. (2008) Community Matters in Xinjiang: 1880-1949 // China Studies, Volume: 17. – 2008. – P. 35-36 <https://doi.org/10.1163/ej.9789004166752.i-477.13> (Date of access: 09.02.2022). [Electronic resource]. [In English].
6. Gavin. The Chinese Kazak Ethnic Minority, History and Customs of Kazak People. Updated Mar. 18, 2021. <https://www.chinahighlights.com/travelguide/nationality/kazak.htm> (Date of access: 24.06.2022). [Electronic resource]. [In English].
7. 伊犁哈萨克自治州概况地图 <http://www.xzqh.org/html/show/xj/22378.html> (Date of access: 09.09.2020). [Electronic resource]. [In Chinese].
8. 垒哈萨克自治县概况地图 <http://www.xzqh.org/html/show/xj/22494.html> (Date of access: 09.09.2020). [Electronic resource]. [In Chinese].
9. <http://www.xzqh.org/html/show/xj/22645.html> (Date of access: 09.09.2020). [Electronic resource]. [In Chinese].

10. 阿克塞哈萨克族自治县概况地图 <http://www.xzqh.org/html/show/gs/20575.html> (Date of access: 09.09.2020). [Electronic resource]. [In Chinese].
11. Rakisheva B. Certain aspects of ethnicity of the Kazakhs of China // Asia and The Caucasus. – Volume 16, Issue 2. – 2015. – P. 117
12. Sadovskaya Ye. Kitayskaya migratsiya v stranakh Tsentral'noy Azii: Kazakhstan, Kyrgyzstan i – daleye vezde? // Kitay v mirovoy i regional'noy politike. Istoriya i sovremennost' [Kitayskaya migratsiya v stranakh Tsentral'noy Azii: Kazakhstan, Kyrgyzstan i – daleye vezde? // China v mirovoy i regional'noy politike. History and modernity']. – 2009. – S.137-138. [In Russ.].
13. Polozheniye oralmanov v Kazakhstane [The situation of oralmans in Kazakhstan]. Obzor / UNDP Kazakhstan. – Almaty, 2006 g. – S. 10
14. stat.gov.kz [Electronic resource].
15. S. Koshanova, B. Rakisheva, A. Mazhitova, G. Ashkenova. (2016) Nekotoryye aspekty uchebnoy migratsii iz Respubliki Kazakhstan v Kitayskuyu Narodnuyu Respubliku [Some aspects of educational migration from the Republic of Kazakhstan to the People's Republic of China] // Kazakhstan Spektr, №1, S. 65. [In Russ.].
16. Lu Z., Li W., Li M., Chen Y (2019) Destination China: International Students in Chengdu // International Migration 57(3), pp.354-372. DOI: <https://doi.org/10.1111/imig.12464> (Data obrashcheniya: 01.05.2021).
17. Serikkaliyeva A.E., Nadirova G.E., Saparbayeva N.B (2019) Educational migration from Kazakhstan to China: Reality and prospects // Integration of Education 23(4), pp.504-517 DOI: <https://doi.org/10.15507/1991-9468.097.023.201904.504-517> (Data obrashcheniya: 01.05.2021)
18. Kazakstan Respublikasynyñ demografiyalyk, zhylnamalylygy / Statistikalyyk, zhinak, // K.R. Ûlttyk, ekonomika ministrliǵı Statistika komiteti, Astana, 2018, 227-bet. <https://stat.gov.kz/> (Data obrashcheniya: 01.05.2021). [Electronic resource]. [In Kazakh].
19. Kozhirova S. Kazakhstanskiy vektor kitayskoy migratsii, S. 6. https://www.enu.kz/ru/lica-enu/kozhirova-svetlana-basievna/?sphrase_id=2649129 (Data obrashcheniya: 01.05.2021). [Electronic resource]. [In Russ.].
20. Termin "oralman" zamenili na "kandas" v Kazahstane https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/termin-oralman-zamenili-na-kandas-v-kazahstane-413101/ / (Дата обращения: 01.05.2021). [Electronic resource]. [In Russ.].
21. “Налыктyn koshi-kony” turaly Kazakhstan Republicasynyn 2011 zhilgy 22 shildedegi No. 477-IV Zany.
22. Dalelkhan A., Mazhidenova D., Azmukhanova A., Tuleshova L., Aliyeva S. Kazakhstan Return migration issues in Kazakh-Chinese relations: Mobility and immobility in migration of Kazakh diaspora in China // Opción. – Vol. 34, no. 85. – 2018. – P. 582-604.
23. Castles, Stephen and Mark J. Miller (2003) Migratory Process the Formation of Ethnic Minorities; The Age of Migration. New York, Guilford Press, pp. 21-49.

¹Саркытқан К. ²Карипжанов Н. ³Турлыгожаева А.

^{1,3}Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

²докторант 3 курса кафедры географии и экологии КазНПУ им.Абая.

Алматы, Казахстан

E-mail: ¹kaster0102@mail.ru, ²nurbek_02.91@mail.ru ³altyn_77@hotmail.com

КАЗАХСТАНСКО-КИТАЙСКИЕ ОТНОШЕНИЯ: В РАМКАХ ГЕОГРАФИИ И МИГРАЦИИ ЭТНИЧЕСКИХ КАЗАХОВ

Аннотация. В статье раскрывается географическое, историческое значение образования казахской диаспоры и ирредентов, даются общие сведения о численности

этнических казахов, проживающих во многих странах мира. Значение этнических казахов во внешней политике правительства Казахстана с Китаем отражается на базе Илийской Казахской автономной области в составе Шыңжанского района. Также в статье проанализированы доля иммигрантов и эмигрантов между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой, миграционные различия, статистические показатели мигрантов между регионами. На основе показателей были проанализированы социально-экономические проблемы между Казахстаном и Китаем. Еще один момент статьи-использование статистико-демографических показателей, полученных от комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан за период 2013-2020 годы. Эти количественные данные играют важную роль в анализе и оценке реального состояния внешней миграции между двумя государствами. Цель и задачи данной исследования направлено на анализ динамики и особенностей казахстанско-китайских отношений в контексте географии и миграции этнических казахов. Основной целью является выявление влияния географического расположения и миграционных процессов на развитие отношений между двумя странами и взаимодействие этнических казахов в этом контексте. Методология работы базируется на комплексном анализе академических источников, официальных документов, статистических данных, а также использовании методов сравнительного анализа, исторического анализа и географического анализа для выявления динамики и особенностей казахстанско-китайских отношений в контексте миграции этнических казахов. Новизна исследования позволят расширить научное понимание динамики и особенностей казахстанско-китайских отношений с учетом географического и этнического аспектов, а также выявить факторы, влияющие на миграционные процессы этнических казахов и их воздействие на развитие двусторонних связей между Казахстаном и Китаем. Ожидается, что исследование выявит ключевые тенденции в развитии казахстанско-китайских отношений в контексте миграции этнических казахов, а также предоставит полезную информацию для понимания динамики этнических и геополитических процессов в регионе.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации гранта Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Реализация политики Коммунистической партии Китая в отношении меньшинств в Синьцзяне: история, настоящее и будущее» (ИРН АР14869734).

Ключевые слова: этнические казахи, географическое расселение, внешняя миграция, иммигранты, эмигранты, международные отношения.

¹Sarkytkan K. ²Karipzhanov N. ³Turlygozhayeva A.

^{1,2} Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

³R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹kaster0102@mail.ru, ²nurbek_02.91@mail.ru, ³altyn_77@hotmail.com

KAZAKHSTAN-CHINA RELATIONS: WITHIN GEOGRAPHY AND MIGRATION OF ETHNIC KAZAKH

Abstract. The article reveals the geographical and historical significance of forming the Kazakh diaspora and irredentists. It gives general information about the number of ethnic Kazakhs living in many countries. The importance of ethnic Kazakhs in the foreign policy of the government of Kazakhstan with China is reflected in the Ili Kazakh Autonomous Region, which is part of the Xinjiang district. The article also analyzes the share of immigrants and emigrants between the Republic of Kazakhstan and the People's Republic of China, migration differences, statistical indicators of migrants between regions. Based on the indicators, the socio-economic problems

between Kazakhstan and China were analyzed. Another point of the article is the use of statistical and demographic indicators received from the Statistics Committee of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan for the period 2013-2020. These quantitative data play an important role in the analysis and assessment of the real state of external migration between the two states. The article reveals the geographical and historical significance of the formation of the Kazakh diaspora and irredentists, provides general information about the number of ethnic Kazakhs living in many countries of the world. The importance of ethnic Kazakhs in the foreign policy of the Government of Kazakhstan with China is reflected on the basis of the Ili Kazakh Autonomous Region as part of the Shynzhansky district. The article also analyzes the share of immigrants and emigrants between the Republic of Kazakhstan and the People's Republic of China, migration differences, and statistical indicators of migrants between regions. Based on the indicators, socio-economic problems between Kazakhstan and China were analyzed. Another point of the article is the use of statistical and demographic indicators obtained from the Statistics Committee of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan for the period 2013-2020. These quantitative data play an important role in the analysis and assessment of the real state of external migration between the two States. The purpose and objectives of this study are aimed at analyzing the dynamics and features of Kazakh-Chinese relations in the context of geography and migration of ethnic Kazakhs. The main goal is to identify the impact of geographical location and migration processes on the development of relations between the two countries and the interaction of ethnic Kazakhs in this context. The methodology of this study is based on a comprehensive analysis of academic sources, official documents, statistical data, as well as the use of comparative analysis, historical analysis and geographical analysis methods to identify the dynamics and features of Kazakh-Chinese relations in the context of migration of ethnic Kazakhs. The novelty of the research will expand the scientific understanding of the dynamics and features of Kazakh-Chinese relations, taking into account geographical and ethnic aspects, as well as identify factors affecting the migration processes of ethnic Kazakhs and their impact on the development of bilateral relations between Kazakhstan and China. The study is expected to identify key trends in the development of Kazakh-Chinese relations in the context of migration of ethnic Kazakhs, as well as provide useful information for understanding the dynamics of ethnic and geopolitical processes in the region.

Acknowledgements: The article was prepared within the framework of the grant of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan "Implementation of the policy of the Communist Party of China towards minorities in Xinjiang: history, present and future" (IRN AR14869734).

Key words: ethnic Kazakhs, geographical distribution, external migration, immigrants, emigrants, international relations

Авторлар туралы мәлімет:

Саркытқан Қастер, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, география ғылымдарының кандидаты, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторе:

Саркытқан Кастер, профессор КазНПУ имени Абая, кандидат географических наук, Алматы, Казахстан.

Information about autor:

Sarkytkan Kaster, professor of Abay KazNPU, candidate of geographical sciences, Almaty, Kazakhstan.

Автор туралы мәлімет:

Карипжанов Нұрбек, Абай атындағы ҚазҰПУ 1 курс докторанты, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторе:

Карипжанов Нурбек, докторант 1 курса КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан.

Information about autor:

Karipzhanov Nurbek, Doctoral student of the 1st course of Abay KazNPU, Almaty, Kazakhstan.

Автор туралы мәлімет:

Тұрлығожаева Алтынгүл, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының кіші ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторе:

Турлыгожаева Алтынгүл, младший научный сотрудник Института Востоковедение им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Information about autor:

Turlygozhayeva Altyngul, Junior Researcher of the R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

¹Әмірбекова С.К.  ²Байдаров Е.Ұ. 

^{1,2}Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹sagynysh.amirbekova@mail.ru, ²erkin_u.68@mail.ru

АРАБ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ «ТУЫСҚАНДАР» КОНЦЕПТІСІ

Аңдатпа. Мақалада араб-қазақ тілдеріндегі жанұяға байланысты фразеологизмдер қарастырылып отыр. Бұл сөз орамдары араб фразеологиясында маңызды рөл атқарады және араб әдеби тілінің көркем сөз байлығы мен бірегейлігін айқын да, толық көрсетеді. Фразеологиялық бірліктердің құрылымдық ерекшеліктерінің зерттелуі араб тілін терең және жан-жақты білуге мүмкіндік береді. Жұмыстың басты мақсаты – араб-қазақ паремияларындағы «туысқандар» туыстық терминдермен байланыстағы фразеологизмдер салыстырмалы талдау жүргізу арқылы олардың ерекшеліктері мен мағыналық үйлесімділігіне классификация беру. Салыстырмалы талдау әдісі араб фразеологиялық бірліктерінің отбасылық қарым-қатынастар аясында қолданылу ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылады. Автор қазақ мәдениетімен салыстыра отырып, араб тіл дәстүріндегі ұқсас және әртүрлі белгілерді анықтауға тырысады. Зерттеудің мақсаты – араб тіліндегі фразеологиялық бірліктердің «туысқандар» ұғымына қатысты мағынасы мен мәдени аспектілерін ашу. Міндеттерге осы фразеологиялық бірліктердің қолданылу жиілігін, олардың контекстік мағынасын және әртүрлі жағдайдағы өзгерістерін талдау кіреді. Зерттеу дүниенің араб және қазақ тілдік суретінің ерекшеліктерін және фразеологиялық бірліктердің отбасылық қарым-қатынас саласында қолданыста жүретін мәдени реңктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері лингвистер, мәдениет зерттеушілері және мәдениетаралық өзара әрекеттестік саласындағы мамандар үшін пайдалы болуы мүмкін.

Кілт сөздері: фразеологизмы, мақал-мәтел, жанұя, концепт, туыстық терминдер.

Кіріспе

Әр халықтың қайталанбайтын ұлттық ерекшеліктерін, өзіне тән өзгешіліктерін құрайтын туыстық атаулар бар. Ол рухани дүниені де, материалдық дүниені де қамтиды. Туыстық атаулардың ішіндегі «туысқандар» концептісіне талдау жасау арқылы қазақ-араб туыстық атауларының семантикасына қатысты лингвистикадан тыс факторлар – қос халықтың этносының дүниетанымдық менталитеті жүйелі түрде анықталады.

Бұл мақалада туыстық ниеттің семантикалық үлгілерін талдап талқылаймыз; бұрыннан қалыптасқан лексикаларда атрибуция, предикация дәрежесіндегі синтагматикалық және парадигмалық өзара байланысты қатынасы анық көрініс береді. Тіпті бір қан, тұқымнан тарамаған адамдардың өзінен, олардың бір-біріне деген көзқарас қатынасынан ағайынгершілік семантикалық ұғымы тереңнен үзілмей келе жатқаны көрініс береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Араб және қазақ фразеологизмдерді салыстыра арқылы екі тілдегі дәстүріндегі ұқсас және әртүрлі белгілерді анықтау үшін салыстырмалы талдау әдісі қолданылып, араб фразеологиялық бірліктерінің отбасылық қарым-қатынастар аясында қолданылу ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылады. Араб-қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктердің «туысқандар» ұғымына қатысты мағынасы мен мәдени аспектілерін ашу арқылы осы фразеологиялық бірліктердің қолданылу жиілігін, олардың контекстік мағынасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Араб және қазақ тіліндегі фразеологизмдердің зерттеуінде араб және қазақ тілдеріндегі туыстық қатынасқа қатысты сөз тіркестерінің қолданыстағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары осы уақытқа дейін талданбаған. Тек қазақ тілінде бөлек, араб тілінде бөлек зерттеліп келген. Әрбір фразеологиялық бірліктердің семантикасы мен мәдени контекстіне, олардың сол тілде сөйлеуінде таралуы мен қолданылуына, сондай-ақ аударманың мүмкін болатын қиындықтары мен реңктеріне талдауды қамтитын зерттеулер өте көп. Қазақстандық шығыстанушылардың ішінде Б.Н. Жұбатова араб қазақ фразеологизмдерді діни тұрғыдан зерттеді[1].

Талқылау

Зерттеу жалпы белгілер мен бірегей белгілерді анықтау үшін басқа тілдердегі туыстас фразеологиялық бірліктермен салыстырмалы талдауды қамтуы мүмкін. Ағайынгершілік қарым-қатынасқа қатысты араб-қазақ паремияларды салыстырмалы түрде талдап, қаншалықты қолданыста екені өміршеңдігін анықтап көрелік.

1. **Туған, туысқан** лексемалары қазақ тілінде: Бір атадан тараған, ағайын мағынасында айтылады[2,819]. Ал араб *туысқан* лексемасы (اقارب) قريب тұқым жағынан, уақи немесе мекен жағынан жақын мәніне ие. Бұл сөздің қарсы мағынасы яғни антонимы بعيد лексемасы[7,797]. Синонимдес лексемалар: شقيق (شقائق) نسيب (انسباء) . Метафора формасында ذو رحم (ذوو ارحام) «мейірімділіктің иесі» деген мағынасында да туыстық атаулары бар [3,880].

Туысқандық байланыс ұғымы әр ұлттың қалыптасқан салт-дәстүр, ерекшелігіне орай түрлі мағына, мазмұн алуы таңданарлық жәйт емес. Мысалға, мейлі араб, мейлі қазақ тіліндегі паремиялардың қайсы бірін алсаң да туысқан адамдардың өзара ағайынгершілікте болуын үндесе, бір парасы араласқанды өсиет етеді. Ескеретін жәйт, фразеологизмнің бір буыны туысқандық туралы сан қырлы жағымды ойды желі етсе, барлық фразеологизмдер жиналып келгенде, мұндай пікірді толыққанды жеткізе алмайды. Сол себепті де біз мазмұндық негізінде арнайы зерттеу жүргізіп талдап қарадық.

1. **Туысқан, ағайын** компоненттері қос тілде де ұнамды бейнелілігін көрсетеді. Бұлар бір қауым, бір ауыл болып, бір-біріне қамқорлық жасап, қиын сәтте қол ұшын беруге міндетті жандар. Туыстар тату, бірлікшіл, бір-біріне қорғаныш болуы керек. Араб халқы: إني أكل لحمي و لا أدعه لأكلٍ «Мен өз етімді жеймін, біреуге жегізбеймін», бұл нақылда туысқандар бір-бірімен ұрсып, ренжісіп қалуы мүмкін, бірақ бөтен адамдардан жанын беріп қорғайтынын айтады.

According to an American analytical company specializing in information technology market research, in 2018 OPPO was recognized as the No. 5 smartphone brand in the world. The Chinese phone brand exercised a lot of control, especially in India, holding 71% of the entire Indian phone market in 2021. ORRO's products are also expanding in Europe, where the share of devices shipped by the company jumped from 3% in 2019 to 7% in 2021, which almost doubled its market share. In

the CIS countries, the OPPO brand is also in great demand, in 2016 a representative office of the company was opened in the Republic of Kazakhstan and began selling in 2017. In Kazakhstan, the company is in the TOP-3 by market share[8]. In Russia, the launch of the Oppo brand took place in September 2017.

Conclusion

The partners of the OPPO brand are the largest chains of electronics stores in Kyrgyzstan, Kazakhstan, Russia, Belarus, Azerbaijan and other countries, and their own service centers have been opened in these countries. To be a successful partner, large chains of electronics stores use various methods of sale, for example, an online store Kivano.kg [9] offers to purchase OPPO mobile phones in Kyrgyzstan, and delivers them around the city of Bishkek for free, and it is delivered quickly and at the best price outside the city or country. In such cities of Kyrgyzstan as Osh, Talas, Naryn, Cholpon-Ata, Batken and other cities, the goods are sent in a convenient way, and the store also offers international delivery to Russia and Kazakhstan. This means that the brand is in demand, and its pricing policy also changes depending on the country. Many chain stores in the CIS countries offer to purchase equipment in installments or take an online loan without leaving home and pay for the order in any convenient way. Thanks to such opportunities, consumers choose this brand among various products of electronics stores. Brand awareness is growing, OPPO is rapidly gaining popularity. Oppo is a company owned by BBK Group, which has experienced significant growth in recent years, taking 4th place among the world's largest smartphone suppliers. OPPO's management methods made it possible to glorify the brand all over the world with its flagships, unique smartphone design, and successful marketing.

The management methods employed by OPPO Company in its activities in the CIS market can be considered effective and successful. The company has utilized various strategies to establish a strong presence in the region.

OPPO has focused on product differentiation and innovation. By continuously introducing new and technologically advanced products, the company has been able to attract the attention of consumers in the CIS market. This has enabled OPPO to gain a competitive edge over its rivals and position itself as a market leader. Secondly, OPPO has adopted a customer-centric approach in its management methods. The company has invested in market research to understand the needs and preferences of consumers in the CIS market. This has allowed OPPO to tailor its products and marketing strategies to better suit the local market, leading to increased customer satisfaction and loyalty. Furthermore, OPPO has forged strategic partnerships with local distributors and retailers in the CIS market. This has helped the company establish an extensive distribution network, ensuring that its products are easily accessible to consumers. By collaborating with local partners, OPPO has also gained valuable insights into the unique characteristics and dynamics of the CIS market, enabling it to make informed business decisions.

References:

1. Oppo's marketing strategy: a wise mix of innovation, diversification, and cross-brand collaborations [Electronic resource]. Available at: <https://daxueconsulting.com/oppos-market-strategy/> (accessed 11.07.2023).
2. OPPO Electronics [Electronic resource]. Available at: https://ru.wikipedia.org/wiki/OPPO_Electronics/ (accessed 11.07.2023).
3. Technology as an art form [Electronic resource]. Available at: <https://www.oppo.com/kz/about/> (accessed 11.07.2023).
4. The history of OPPO [Electronic resource]. Available at: <http://android.mobile-review.com/articles/58542/> (accessed 11.07.2023).

5. Basic methods of enterprise management [Electronic resource]. Available at: <http://novaum.ru/public/p1631/> (accessed 12.07.2023).

6. Chinese factory for the production of phones on the example of a factory OPPO [Electronic resource]. Available at: <https://mobile-review.com/articles/2013/oppo-factory.shtml#content/> (accessed 12.07.2023).

7. OPPO'S global success: from Dongguan to the world [Electronic resource]. Available at: <https://daxueconsulting.com/oppo-market-strategy/> (accessed 12.07.2023).

8. Employee reviews about the company OPPO Kazakhstan LTD [Electronic resource]. Available at: <https://dreamjob.ru/employers/144155/> (accessed 12.07.2023).

9. OPPO mobile phones in Bishkek, Kyrgyzstan [Electronic resource]. Available at: <https://www.kivano.kg/mobilnye-telefony?brands=oppo/> (accessed 12.07.2023).

¹Ли Цянь. ²Ниеталина Г.

^{1,2} ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

^{1,2} E-mail: nietalina_g@list.ru

ОРРО КОМПАНИЯСЫН БАСҚАРУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТМД НАРЫҒЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Бұл мақалада ТМД нарығында өз қызметін жүргізу үшін ОРРО жаһандық технологиялық компаниясы қолданатын басқару әдістеріне назар аударылады. Бұрынғы Кеңес Одағы елдерін қамтитын ТМД нарығы өзінің алуан түрлі мәдени, саяси және экономикалық ландшафттарына байланысты халықаралық компаниялар үшін ерекше қиындықтар мен мүмкіндіктерді ұсынады. Зерттеудің мақсаты – негізгі стратегиялық тәсілдерді және олардың тиімділігін анықтау мақсатында ОРРО компаниясын басқару әдістерін және оның ТМД нарығындағы қызметін талдау. Бұл зерттеудің міндеті – ОРРО компаниясының тарихын және оның ТМД нарығына кіруін зерттеу, ОРРО өнімдерінің ТМД нарығындағы маркетингі мен орналасу стратегияларын талдау және аймақтағы бренд пен өнімді тарату арналарын басқару әдістерін зерттеу.

Өзінің инновациялық смартфондары мен тұрмыстық электроникасымен танымал ОРРО ТМД нарығында тиімді жұмыс істеу үшін бірнеше басқару тәсілдерін қабылдады. Біріншіден, компания жергілікті тұтынушылардың қалауы, нарық динамикасы және бәсекелестер туралы түсінік алу үшін нарықты зерттеу мен талдауға баса назар аударады. Екіншіден, ОРРО жергілікті менеджерлер мен қызметкерлерге аймақтық қиындықтар мен мүмкіндіктерге тиімді әрекет ету мүмкіндігін беретін орталықтандырылмаған басқару құрылымын қабылдайды. Үшіншіден, ОРРО ТМД нарығындағы жергілікті серіктестермен стратегиялық альянстарды құруға және қолдауға үлкен мән береді.

Кілт сөздер: Басқару әдістері, ОРРО компаниясы, ТМД нарығы, Қытай, халықаралық компаниялар.

¹Ли Цянь. ²Ниеталина Г.

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

^{1,2}E-mail: nietalina_g@list.ru

МЕТОДЫ УПРАВЛЕНИЯ КОМПАНИЕЙ ОРРО И ЕЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НА РЫНКЕ СНГ

Аннотация. В данной статье основное внимание уделяется методам управления, которые использует ОРРО, глобальная технологическая компания, для навигации и ведения

своей деятельности на рынке СНГ. Рынок СНГ, включающий страны бывшего Советского Союза, представляет уникальные проблемы и возможности для международных компаний из-за разнообразия культурных, политических и экономических ландшафтов.

Цель исследования - проанализировать методы управления компанией ОРРО и ее деятельность на рынке СНГ с целью выявления основных стратегических подходов и их эффективности. Задача данного исследования изучить историю компании ОРРО и ее вход на рынок СНГ, анализировать стратегии маркетинга и позиционирования продуктов ОРРО на рынке СНГ и исследовать методы управления брендом и каналами распространения продукции в регионе.

ОРРО, известная своими инновационными смартфонами и бытовой электроникой, приняла несколько подходов к управлению для эффективной работы на рынке СНГ. Во-первых, компания уделяет особое внимание исследованиям и анализу рынка, чтобы получить представление о предпочтениях местных потребителей, динамике рынка и конкурентах. Во-вторых, ОРРО использует децентрализованную структуру управления, которая позволяет местным менеджерам и персоналу эффективно реагировать на региональные проблемы и возможности. В-третьих, ОРРО придает большое значение построению и поддержанию стратегических альянсов с местными партнерами на рынке СНГ.

Ключевые слова: Методы управления, Компания ОРРО, Рынок СНГ, Китай, международные компании.

Information about author:

Li Qian, EMBA – Business Administration, Al-Farabi Business School, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Автор туралы мәлімет:

Ли Цян, EMBA – Іскерлік әкімшілік ету, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, әл-Фараби атындағы Бизнес мектебі, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторе:

Ли Цянь, EMBA – Бизнес-администрирование, Бизнес-школа аль-Фараби, КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Nietalina Gaukhar, Candidate of Economics Sciences, Associate Professor of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Автор туралы мәлімет:

Ниеталина Гаухар, экономика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторе:

Ниеталина Гаухар, кандидат экономических наук, доцент КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Омаров Б.Ж. 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
E-mail: b_om777@mail.ru

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІ МЕН ҮНДІ ӘДЕБИ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ КӨШПЕЛІ СЮЖЕТТЕР

Аңдатпа. Әлем халықтарының ертегілеріне тән тұрақты мотивтер мен бірқатар шығармалардың өзегіне айналған тектес сюжеттер көптеген тұжырым жасауға жетелейді. Кейде бірнеше ұлттың ертегілерінде көрініс беретін ортақ сюжеттер кездеседі. Мұнда бастапқы сюжеттің жалпы желісі сақталғанымен, оның кейіпкерлері әр халықтың түсінік-танымына, болмыс-бітіміне сай әрекет етеді. Әр ертегі о баста белгілі бір көне хикаядан бастау алады. Жұмыстың басты мақсаты – қазақ ертегілеріне сіңген үнді аңыздарының көрінісін айқындау, көптеген ежелгі ескерткіштерге ортақ көшпелі сюжеттердің қазақ топырағына қалай келгені, оның әдеби жәдігерліктерімізге әсері, өңін өзгерткені жөнінде байлам-байыптама жасалады. Бұл үшін үнді ертегілерінің сюжеттері мен қазақ ертегілеріндегі сюжеттерді салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Зерттеудің жаңалығы – қазақ ертегілері мен үнді ескерткіштеріндегі ұқсастықтар мен ортақтықтардың табылуы. Мұндағы көшпелі сюжеттер үнді ескерткіштерінен парсы ертегілеріне сіңіп, ол жерден мұсылмандық іліммен астасып барып, қазақ ертегілеріне енген деген тұжырым ұсынылып отыр. Міндеттерге қазақ ертегілері мен үнді ескерткіштеріне тән ортақ элементтерді айқындау арқылы тұжырым жасау кіреді. Зерттеу нәтижелеріне келсек, әлем халықтарының әдебиетінде сюжеттердің өзара ұқсастығының мысалдары көптеп кездеседі. Бұл сюжеттер түрлі жолдармен келіп, бір-біріне бірігіп-кірігіп, жаңа шығармаға арқау болады. Бәрібір қаншама өзгеріске түскеніне қарамастан, оның түп-төркінін тану қиын емес. Мақалада мысалға келтірген ежелгі үнді ескерткіштерінің бәріне ортақ сюжеттер баршылық. Жалпыадамзаттық құндылықтар оқиға өзегіне арқау болғандықтан, заманды сезіну ортақтығы өзара ұқсас сюжеттер туғызбай қоймайды.

Кілт сөздері: әдебиет, ертегі, сюжет, үнді ескерткіштері, көшпелі сюжет.

Кіріспе

Қазақ ертегілерінің қолданыстағы барлық мәтіндерімен түгел танысып шыққан кезде, ежелгі құндылықтардың мазмұны мен құрылымына байланысты белгілі бір заңдылықтарды аңғаруға болады. Әлем халықтарының ертегілеріне тән тұрақты мотивтер мен бірқатар шығармалардың өзегіне айналған тектес сюжеттер көптеген тұжырым жасауға жетелейді. Кейде бірнеше ұлттың ертегілерінде көрініс беретін ортақ сюжеттер кездеседі. Бірақ, бастапқы сюжеттің жалпы желісі сақталғанымен, оның кейіпкерлері әр халықтың түсінік-танымына, болмыс-бітіміне сай әрекет етеді. Сондай-ақ, өз ертегілеріміздің бірнеше түрінде кездесетін сюжеттер де аз емес. Белгілі бір ертегінің мазмұнына сәйкес ептеп өзгеріске ұшырағанымен, бұлардың да о баста белгілі бір көне хикаядан бастау алғанына дау жоқ.

М. Әуезов 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде бұл жанрдың адамзат баласы өміріндегі орны мен атқаратын қызметі туралы айта келіп, «Ертегінің жері де, мезгілі де белгісіз болады. Баяғы тағы заманда болған оқиға. Белгісіз от дариясы, жын, пері мекені, алтын сарай, күміс бәйтерек, аспанда салынған үйлермен келеді. Осы сияқты жай өмірден жат болып жасалатын істер ертегінің дағдысы деп саналады. Ертегілі сөздердің белгілісі болады. Бірақ, барлық ертегі сөзін түгелімен ойдан шыққан деп есептеуге келмейді.

Оның ішінде белгілі шындық болған. Кейбір ертегілер ескілікті дүниені түсінуін білдіретін болып, сол ескі замандағы ұғымның белгісін сақтап қалғаны бар» [1, 168-169 бб.], – деп сипаттама береді. Сондай-ақ, ол ертегінің түрлері, жіктелісі, жекелеген кейіпкерлері жөнінде ой тұжырымдап, ондағы қиял мен шындықтың арақатынасына талдау жасайды. Сөйтіп, ғалым іргелі еңбектің шағын ғана тарауында келешек зерттеушілерге нақты бағыт-бағдар береді.

М.Әуезов атап көрсеткен «ескі замандағы ұғымның белгісін сақтап қалған» сол ертегілердің біразы хайуанаттар дүниесімен өзектес екендігіне ілгеріректе назар аударған зерттеушілер де бар. Мәселен, Х.Досмұхамедұлы 1928 жылы шыққан «Қазақ халық әдебиеті. Қысқаша очерк» атты еңбегінде осы мәселеге ерекше мән берген. Ағартушы ғалымның «Ертегілерге қазақтың жануарлар эпосы (животный эпос) жақын тұрады. Қазақтың тұрмыс-тіршілігі мен кәсіп-шаруашылығы, мәдени дәрежесі табиғатпен және жан-жануарлар әлемімен тығыз байланысты болғандықтан, әртүрлі жануарлардың мінез-құлқы мен тыныс-тіршілігі туралы да аса бай әдебиет жасалды. Әдебиеттің бұл түрі жануарлардың өмірі мен шығу тегі туралы әртүрлі әңгімелерді қамтиды. Жан-жануарларға сипаттама беретін әр текті мысалдарды да осы топқа жатқызуға болады. Қазақ жырларында 1) қасқырдың, 2) түлкінің, 3) есектің және басқалардың ерекше белгілері бар» [2, 28 б.], – деген пікіріне аталған жанрдың өзге аңыз-хикаяттармен сабақтастығының төркінін іздеу тұрғысынан ден қойған жөн.

Қиял-ғажайыптар дүниесінің белгілері мен өмірдің өз болмысы араласып жүретін ертегілердің мазмұнын байытып, тартымдылығын арттыратын оқиғалар, сол оқиғаларды құрайтын сюжеттер қайдан алынады, ол кейінгі туындыға қалай сіңеді дегенге келсек, алдымен бірқатар мәселенің басын ашып алуымыз керек.

Ежелгі дәуірден келе жатқан ертегі сюжеттері сан түрлі жолдармен түзіліп, әр алуан факторлардың ықпалы арқылы қалыптасады. Онда мифтік ұғымдардың бейнесі де, қиял әлемінің туындылары да, халықтың ой-арманының тұспалдары да, хайуанаттар дүниесінің мысалдары да жеткілікті көрініс тапқан. Уақыт пен кеңістіктің дәстүрлі өлшемдеріне бағынбайтын ертегілердің желісінде арғы дәуірдің кейіпкерлері мен бертінгі заманның адамдары бірге өмір сүріп, бірлесе тіршілік кеше береді.

Ауыз әдебиетінің осы жанрын жан-жақты зерттеген ғалым С.Қасқабасов ертегінің түзілу жолдарын нақты атап көрсетеді. Оның тұжырымдауынша, «Ертегі жанрының түп-төркіні – алғашқы қауымда пайда болған көне миф, аңшылар туралы әңгіме, хикая және әр түрлі көне ырымдар мен аңыздар. Басқаша айтқанда, ертегі жанры өзінің қалыптасу процесінде осы жанрлардың қасиеттерін бойына сіңірген, олардың кейбіреуін молырақ, бағзыларын азырақ пайдаланған. Солардың ішінде, қайсыбір жанрлар өз бітімін жоғалтып, біржола ертегіге айналып кеткен» [3, 193 б.]. Шынында да, кейінірек қазақ ертегілерінің болмысына барынша кіріккен біртектес сюжеттер бір кезде түрлі жанрдың басын құраған көне туындылардың бір үзгі екені анық.

Қазақ ертегілерінің сюжеттік тұрғыдан байып, оқиғаларының мазмұнды әрі тағылымды бола түсуіне барынша ықпал еткен рухани құндылықтар – шығыс елдерінің аңыздары мен хикаялары, әңгімелері мен әпсаналары, мысалдары мен тәмсілдері. Мән-маңызы зор, уақыт сынынан өткен әрі тәлімі мол осы жауһар жәдігерлер тек ертегілердің ғана болмысына сіңбеген, қазақ әдебиетінің айтулы өкілдерінің бірқатар шығармаларына да арқау болған. Біздің сөз өнеріміздегі бірнеше шығарманың туындауына түрткі болған белгілі шығыс сюжеттері баршылық. Оқиғасының тартымдылығы жағынан талайды тамсандырған шығыс хикаяларының негізінде жазылған дастандарымыз жетіп артылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазақ ертегілерінің сюжеттер желісіне нәр берген рухани арналардың бірі – сан ғасырдан бері жазба дәстүрдің еншісіне айналған, ежелден тамыр тартатын ұлы мәдениеттің құнды жәдігерліктері саналатын үнді әдеби ескерткіштері. Бұларды зерттеу үшін үнді ертегілерінің сюжеттері мен қазақ ертегілеріндегі сюжеттерді салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Бұдан бөлек, деректанулық зерттеулерде пайдаланылатын деректемелік, филологиялық, палеографиялық, текстологиялық, хронологиялық, этнолингвистикалық және салғастырмалы зерттеу әдістері қолданылды. Көшпелі сюжеттер, қазақ-үнді ертегілеріне қатысты жазылған шетелдік, кеңестік және қазақстандық ғалымдардың еңбектері қолданылды.

Зерттеу материалына қағазға қатталған жазба тарихы тым әріде жатқан үнді әдебиетіндегі немесе содан бастау алатын шығыс елдерінің сөз өнеріндегі әлемге танымал шығармалар көптеген халықтардың мәдени дамуына барынша ықпал етті. Әлемге тараған «Панчатантра» [4], «Шукасаплати» [5; 6], «Тотынама» [7; 8; 9; 10], «Тотының әңгімелері» [11], «Веталаның жиырма бес әңгімесі» [12], «Хитопадеша және пайдалы кеңестер» [13], «Телегей-теңіз аңыздар» («Океан сказаний») [14], «Викрамидің өмірі немесе патша тағының 32 әңгімесі» [15], «Калила мен Димна» [16], «Түнгі жауһарлар» («Джавахар ал-асмар») [17], «Монахтар туралы отыз екі новелла» [19], «Синдбад наме» [18] сияқты тағылымы мол туындылардың жекелеген сюжеттері қазақ ертегілерінің мазмұндық желісіне кірігіп қана қоймай, әдебиетіміздегі жаңа тұрпатты дүниелердің өмірге келуіне негіз қалады.

Біз бұл мақаламызда ертегілерге сіңген үнді аңыздарының қалай көрініс тапқанына, көптеген ежелгі ескерткіштерге ортақ көшпелі сюжеттердің қазақ топырағына қалай келгеніне ден қоямыз, оның әдеби жәдігерліктерімізге қаншалықты әсер етіп, қалайша өңін өзгерткені жөнінде байлам-байыптама жасаймыз.

Талқылау

Қазақ ертегілері мен ежелгі үнді әдеби ескерткіштерінің өзара байланысы жөнінде алғаш рет тұжырымды пікір айтқан С.Қасқабасов көптеген сюжеттердің бастау көздерін айқындап берді. Ол «Қазақтың мысал ертегілері шығыс фольклорымен тығыз байланысты. Олардың көбісінің қайнар көзі «Панчатантра», «Хитопадеша», «Шукасаплати» сияқты үнді жинақтары мен Орта Азияға әр түрлі жолмен келген «Калила мен Димна» және «Тотынама» тәрізді кітаптар. Мысал ертегілердің, көбінесе, кезінде қазақтардың басқа түркі халықтарымен белсенді байланыс жасаған аймағы Оңтүстік Қазақстан мен Түркістаннан жазылып алынуы тегін болмаса керек» [3, 210 б.], – деп тиянақты ой түйді.

С.Қасқабасов орыс фольклоры мен әдебиетінің үлгілері қазақ ертегілеріне сіңгенін, сонымен қатар, «XIX ғасырдың екінші жартысында қазақшаға аударылып, ел ішіне кең тараған И.Крылов мысалдары да ертегілердің арқауына айналғанына» [3, 210 б.] тоқтала келіп, «ескі үнділік сюжеттердің Қазақстанда жаңғырып, сыртқы сипаты мен ілкі мағынасы жағынан мәнді өзгерістерге ұшырағанын» [3, 210 б.] атап көрсетеді. Бұлай болуы, әрине, заңды. Әр халық кірме сюжеттерді өз табиғатына бейімдеп, салт-санасына орайластырып, сол ел-жұрттың болмысына тән ертегілік нұсқаны қалыптастыратыны анық. Басқа ұлттардың аңыз әңгімелерінен алынып, біздің фольклорымызға енген сюжеттер мазмұны және кейіпкерлердің іс-әрекеті жағынан алғанда, қазақ тіршілігіне әбден кірігіп кеткенін жоққа шығаруға болмайды.

Осы тұрғыдан келгенде, үнді топырағынан бастау алып, араб жұртында қанат жайған «Калила мен Димнаның» құрамында кездесетін қазақтың «Сегізбай бен Тышқан қыз» және «Көгершіндер туралы ертегісін» салыстыра талдаған С.Қасқабасовтың еңбегіне ерекше назар аударған жөн. Ғалым оның біріншісін түркі халықтарының «Кім күшті?» ертегісінің бір варианты ретінде қарастырады. Сонымен қатар, «Сегізбай мен Тышқан қыз» ертегісі мен «Калила мен Димнадағы» мысалдың тамырластығын атап көрсетеді. Қолға түскен тышқан

баласының қызға айналуы, оған ең күшті күйеу таңдау мүмкіндігінің берілуі, бүкіл әлемде құдіретті саналатын күн, жел, бұлт және тау секілді ғаламаттардың айдай аруға жар болуға жарамай, саптан шығып қалуы, ақыры қыздың өзі тектес көртышқанды қалауы жөніндегі шағын сюжеттің сілемдері тек «Калила мен Димнада» ғана емес, басқа да ежелгі үнді әдеби ескерткіштерінде бар. Ал, халқымыздың ертегілеріне сіңген хикаяның сипатына келсек, «қазақта үнді ертегісінің сюжеттік желісі сақталғанымен, баяндау барынша өзіндік түр алған» [3, 210 б.], сонымен қатар, «үндінікімен салыстырғанда біршама өзгеріп, халықтың практикалық философиясына қарай жақындай түскен» [3, 210 б.].

Ертегілердің қай-қайсысында да ара-тұра түрлі хайуанаттардың іс-әрекеті көрініс байқатады. Оқиғалар мен сюжеттердің желісінде жануарлардың қатысы болмайтын тұстар жоқтың қасы. Сондықтан, аң-құстарды тек хайуанаттар туралы ертегіде ғана кездеседі деп топшылау орынсыз екені анық. Мысалы, батырлық ертегілерде бас кейіпкердің сәйгүлігі мен жүйрік тазысы, қиял-ғажайып ертегілерінде жеті басты жылан мен алтын балық, сатиралық ертегілерде мысық пен тышқан, новеллалық ертегілерде бүркіт пен сауысқанның ұшырасуы, және солардың адамзат баласымен араласып-құраласып жүруі кездейсоқтық емес. Қиял әлемінде де, нақты өмірдегі тіршілікте де хайуанаттардың өзіндік орны бар.

Әрине, хайуанаттар туралы ертегілердің көбі бес кітаптан тұратын үндінің әйгілі хикаялар жинағы – «Панчатантрадан» тамыр тартатыны анық. Бұл жинақтағы сюжеттер тек жануарлар туралы ертегілерге ғана емес, басқа да ертегілерімізге молынан сіңген. Сондай-ақ, бір ғана «Панчатантраның» сюжеттері негізінде қазақтың кітаби ақындары жарыса жазған шығармалар да баршылық.

«Панчатантраның» «Достардың айрылысуы» деп аталатын бірінші кітабының он бірінші әңгімесінде Чандарава деген шиебөрінің оқиғасы баяндалады. Жемтік іздеп қаңғып жүрген Чандарава бір қолөнершінің құжырасына кіріп, индигоға (өсімдіктен жасалған қара-көк бояу) толы қазанға түсіп кетеді. Қазаннан жанталасып әзер шыққан оны өзге аңдар танымай, шетінен қорқып-үркіп, орман-тоғайдың іші у-шу болады. Соны көрген шиебөрі «Ей, сендер қашпаңдар. Аңдарға жөнді басшы бұйырмағанын білетін Акхандала (Индраның бір аты) мені өздеріңе патша етіп жіберді» деп, өзін-өзі әмірші ретінде танытып, оған қоса, күшті һәм тісті екенін дәріптеп, айқай салады. Хайуанаттар оның бұйрығына бірден мойынсұнып, шиебөрінің үлестіріп берген қызметтерін бөлісіп алады. Осылайша дәурені жүріп тұрған Чандарава бір күні алыстан үйір-үйір шиебөрінің ұлығанын естіп, өзінің патша екенін ұмытып кетіп, соларға қосылып аңырап қоя береді. Сол кезде, өзге аңдар оның да шиебөрі екеніне көзі жетіп, әп-сәтте жалған билеушінің парша-паршасын шығарады [4, 83 б.]. Бұл шиебөрі Даманаканың арыстан Пингалақаға қауіп-қатердің алдын алу, ахуалдың аңысын аңдау турасында ескерткен болып, айлакерлікпен айтқан ақыл-кеңесін тұздықтайтын бір мысал ғана. Бірақ, осы мысалдың өзі әлем әдебиетінің түрлі нұсқалары арқылы жаһан жұртына кең тарағанын көреміз.

Бояуға малынып, соның арқасында біраз уақыт аң патшасының кейпіне еніп, арыстанның өзін аузына қаратқан көкшулан шиебөрінің оқиғасы үндінің ежелгі ескерткіштерінің бірқатарында кездеседі. Билік басына кездейсоқ келген табанының бүрі жоқ басшылар көпке шыдай алмайды деген халықтық тұжырымға негізделген осы тәмсіл шығыс философиясының құдіретін дүние жүзіне танытты. «Көтере алмайтын шоқпарды беліңе байлама» деген аталы сөзбен үндес бұл сюжет әрқилы нұсқадағы туындылар түрінде қазақ жұртына да кең тарады.

Сол «Панчатантрадан» тамыр тартатын, XII ғасырда түзілген тағылымды әңгімелер жинағы – «Хитопадешадағы» Курруб деген шиебөрі туралы хикаяда жоғары аталған сюжет айна-қатесіз қайталаанады. Тек шиебөрінің аты өзгерген, сонымен қатар, оның Уджаини қаласының маңайын мекен еткені нақтыланып көрсетіледі. Оның үстіне, «Хитопадешадағы» Курруб «Панчатантрадағы» Чандараваға қарағанда, қулығы басымдау кейіпте көрінеді.

Айсыз қараңғы түнде адасып, бояушының ауласына кіріп, үй алдында тұрған ыдыстың ішінде не бар екенін білмекке құмартады. Секіремін деп, байқамай көгілдір бояуға толы бөшкенің ішіне түсіп кетеді. Тағы бір айырмашылық, ол Чандарава секілді өздігінен бірден ұмтылып сыртқа шыға алмайды. Таңертең жұмысқа келген бояушы бөшкеге батып өлген боп серейіп жатқан Куррубты үй маңына, жол шетіне апарып, лақтырып тастайды. Сол кезде сілкініп орнынан тұрып, үсті-басына көз салған шиебөріге «Түсім көгілдір, демек, қаным да көгілдір. Олай болса, мен нағыз раджа емеспін бе?! Осыны неге пайдаланбаймын?» деген ой келеді. Сөйтіп, ол орманға барып, өзін патшамын деп мәлімдеп, алдымен шиебөрілерге, содан соң, бүкіл аңдарға әмірін жүргізеді. Бірақ, толық билікке қолы жеткен соң шиебөрілерді шеттетіп, азулы аңдарды жанына жақын тартады. Бұған наразы болған шиебөрілердің көсемі одан кек алуды көздейді. Сөйтіп, олар аулақтау жерге барып, жабыла ұлып, Куррубтың делебесін қоздырады. Ақыры бұл да көпке шыдамай, аң патшасы екенін естен шығарып, соларға қосылып, қалай ұли жөнелгенін байқамайды [13, 100 б.]. Бұл сюжеттің келесі бір ерекшелігі, хайуанаттарға билік еткен Куррубтың өз тұқымдастары екенін басқа шиебөрілер анық біліп отырады. Ал «Панчатантраның» сюжетінде жануарлардың бәрі Чандараваның шиебөрі екенін әшкере болғанда бір-ақ аңғарады. «Панчатантраның» сюжетіне қарағанда, «Хитопадеша» сюжетінің баяндау тәсілі де, көркемдік өрісі де қызықтырақ. Алғашқысы жоғарыда атап көрсетілгендей, шиебөрі Даманаканың арыстан Пингалақаға айтқан әңгімесі болса, соңғысы – Чакравак деген үйректің Хираньягарбх деген көкқұтанға ақтарған сыры түріндегі хикая. Осылай бір тектес үнді сюжеттерінің өзі ел ішіндегі бір шығармадан екінші шығармаға ауысқанда бірқатар өзгеріске түсіп жатқанда, өзге халықтардың әдебиетіне сіңген кезде өзіндік айырмашылықтары көбейе беретініне дау жоқ.

Үнді топырағынан бастау алып, Иран арқылы дүние жүзінің бірқатар мемлекеттеріне, сондай-ақ, Орталық Азия елдеріне түгел тараған «Тотынамада» бұл сюжет көркем хикая деңгейіне көтерілген. Зияаддин Нахшаби «Тотынамасының» отыз екінші түніндегі «Көксұр шиебөрі, оның аңдар мен жануарларға патша болғаны, билігінің сәтсіздігі туралы» әңгіме жинақтағы өзге де хикаяттар секілді аса тартымдылығымен ерекшеленеді. Қожайыны алысқа сапарға кетіп, оның уыздай жас сұлу келіншегін күзетіп қалған тотының Хұжастені абыройсыздықтан құтқару әрі алдын-ала сақтандыру үшін айтатын әңгімесіндегі бұл тәмсіл [7, 212-214 бб.] оқырманды еліктіретін сұлу сөзбен баяндалады. «Бір шиебөрі қыстақ маңын паналап, түнделетіп әр үйдің қазан-аяғын жалап күн көреді екен. Сол шиебөрі бір күні өзінің ежелгі әдеті бойынша бояушының үйіне кіріп, үлкен құмыра ішіндегі көк сырға түсіп кетеді. Құмырадан зор қиыншылықпен шыққан шиебөрі жапан түзге безіп кетіпті. Аңдар мұндай көкшулан түсті хайуанатты бұрын-соңды көрмеген еді. Мұны көргенде бәрі де шошынып, арыстанға бағынуды қояды. Оған арыстан мен піл, жолбарыс һәм сілеусін де бас иеді. Қызық жағдай, көбіне қайғы себептері болатын көк түс оған қуаныш әкеледі» [8, 194-195 бб.].

Бұл сюжетте аң патшасының кейпіне енген көксұр шиебөрінің бағыныштыларын билеу тәсілін бейнелеуге көбірек мән беріледі. Ол өз маңайына өзінен беделі төмен әлжуаз хайуанаттарды көптеп топтастырады. Оның қасына ұсақ-түйек жануарлар жайғасып, азулы аңдар етек жаққа ығыстырылады. Кәдімгі адами тіршілікпен астасып жатқан аңдар патшалығының жаңа билеушісі орман атырабына өз тәртібін орнатады. Сондықтан, «Ел-жұрты патшаға қоғадай жапырылады. Билік өз қолдарына өткен соң, көксұр шиебөріде төрелік, паңдану, кісілік пайда болып, ай мен күнді бір өзі ұстап тұрғандай болады. Енді ол түлкі мен шиебөріден қойған уәзірлерін қызметтен айдап шығып, оларға ақыратын болыпты» [8, 195 б.]. «Тотынаманың» түсін өзгерткен шиебөрісі ұластарына қосылып ұлимын деп масқараға ұшыраса да, «Панчатантрадағы» Чандарава секілді өзге аңдардың қолынан мерт болмайды. Оның есесіне қашып шыққан соң, тектес шиебөрілеріне барып, бар сырын ақтарады [8, 196 б.]. Олар бұған сабақ болсын деп тағы бір тәмсіл айтады. Құрақ-

хикаят түрінде түзілген, бір әңгіменің ішінен келесі әңгіме туындап, жиектеліп жалғаса беретін «Тотынаманың» бірнеше нұсқаларында бұл сюжет түрліше баяндалғанымен, негізгі желісі бір екені аңғарылады.

Осы аңыз қазақ ертегілерінің бірқатар нұсқаларына енген. Мысалы, «Өткен замандағы хикаят сөз» деп аталатын шағын ертегі мынадай сюжетке негізделген. Бір түлкі қаңғалақтап жүріп, бояушының лапкесіне кіріп, басқа түске боялып шығады. Оны көрген ормандағы өзге аңдар, танымаған соң, ығысып жол беріп, қол қусырып қарап тұрады. Бұрын-соңды мұндай аң кездестірмеген арыстан «бұл біздің көктен түскен басшымыз болар» деп, астындағы тағын береді. Хайуанаттардың өзінен қорқып қалғанын байқаған түлкі өзін аң патшасымын деп жариялайды [20, 94 б.]. Бір күні алыстау атыраптағы түлкілер уланып өліпті. Соларға қосылып, бұл түлкі де өзін құрбан етеді. Сөйтіп, аңдардың алдында оның жалған патшалығы әшкере болады. Тек ертегіде оқиғаның шешімі өзгеше көрініс тапқан. Басқа нұсқалардың бәрін ұластарына қосылып ұлимын деп масқаралыққа ұшырайтын шиебөрінің орнына түлкі алынады. Сол түлкінің өзі туыстарының өліміне шыдамай, өзін мерт етеді. Қазақ ертегісінің бұлай аяқталуы соңғы шешімнің түсінік-танымы бөлек арғы дәуірде жамалып-жасқалғанын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері

«Бабалар сөзі» жүзтомдығының ертегілерге қатысты томдарын әзірлеушілер «Өткен замандағы хикаят сөздің» алғаш рет 1890 жылы «Дала уәлаятының газетінде» басылғаны, соңына «Павлодар оязының Алтыбай елінің қазағы М.У.» деп қол қойылғаны, 1970 жылы «Әдеби мұра» жинағында «Әлін білмеген әлек» деген тақырыппен жарияланғаны жөнінде түсініктеме береді [20, 349 б.].

Түлкі кейіптелетін нұсқа славян халықтардың ертегілерінде де кездеседі. Мәселен, украин жұртының «Боялған түлкі» ертегісіне дәл осы сюжет арқау болған. Иван Франконың авторлығымен жарияланып жүрген бұл ертегінің құрылымы үнді сюжеттерінен соншалықты алшақ емес. Қаңғыған түлкі иттен қашып жүріп, суретшінің бояу құйып қойған бөшкесіне тығылады. Сонда күні бойы отырып, қашып шығып, орманға барса, аңдар оны жыға танымапты. Осыны сезген қу түлкі өзін қасиетті Николайдың көктегі саздан жасаған ерекше жануарымын деп дәріштеп, аңдарға патша болады. Бірақ, бояуды кетіріп алып, абыройдан айрыламын қорыққан түлкі жаңбырлы күні сыртқа шықпайды. Бәрібір патшалық құрғанының бір жылдығына арналған мерекелік қойылымда әндеткен түлкілердің әуеніне байқамай өз дауысын қосып жіберіп, масқараға ұшырайды. Өзге аңдар сол кезде оның түлкі екеніне көзі жетіп, дал-дұлын шығарады [21]. Көріп отырғанымыздай, украин ертегісінде үнді сюжетінің дәстүрлі финалына дейін сол күйі сақталған.

Қазақтың «Қызыл мысық» ертегісінде бұл сюжет сәл басқаша түрленеді. Аңдар бір жерде бас қосып, сол жиынды басқаратын төбесінің билігіне таласып, өзара дауласып жатқанда түр-түсі қызғыш бір белгісіз аң орталарына келе қалады. Онысымен қоймай, бірден арыстан жайғасқан жартастың жоғары жағындағы үшқаттың басына шығып кетеді. Оның титімдей болып алып, арыстаннан биіктеу қоныстанғанын көрген өзге хайуанаттар сескеніп, дереу төбесі етіп сайлап жібереді. Осылайша кейін бірнеше жиын өткізіп, төрелік жасап жүрген жаңа төбесі тағы бір басқосу кезінде басшы екенін ұмытып, алдынан жалт берген сымпыс құйрық суырды қуа жөнеліпті. Сөйтсе, бүкіл аңның төбесіне көтеріп, табынып жүргені байқаусызда сыршының шелегіне түсіп, қызыл түске боялып шығып, иттен қашып, үшқаттың басына өрмелеп кеткен кәдімгі мысық екен [20, 222 б.]. Түсі оңып, мазасы қаша бастаған мысықтан онсыз да күдіктеніп жүрген аңдар оған жабыла тап береді.

Бояуға түскен шиебөрі, түлкі, мысық кейінде бейнеленіп, бір оқиғаны баяндау үшін алынған хайуанаттар түрлі іс-қимыл танытады. Бірақ, бұл сюжетке жанама әрекеттер жамалғанымен, түрлі өзгеріске түскенімен, бір арнадан тамыр тартатыны анық байқалады.

Жалпы, қай нұсқасын алсақ та, құрылымы жағынан бұл сюжет үш бөлімнен тұрады. Алдымен, белгілі бір аң бояуға түсіп кетіп, ешкім танымастай етіп, түсін өзгертіп алады. Содан соң, сыртқы кейпінен аңдардың қорқып кеткенін аңғарып, өзін патшамын деп жариялайды. Ақырында, өзінің ақымақтығынан артық қимыл жасаймын деп, хайуанаттардың алдында маскара болып, ажалын табады (немесе эзер қашып құтылады).

«Есірік торғай» және «Мысықтың түлкіге қонақ болуы» атты қазақ ертегілерінде бұл хикаяның кейбір элементтері ғана сақталған. Қатты қиналғанда тұқымдастарының жақсылығын көріп, кейін бәрін ұмытқан есірік торғайдың дандайсып кетуі, мысықтың аңдар патшасының кейпінде жүруі аталған сюжетті еске түсіреді.

Жалпы, қазақ ертегілерінен үнді әдеби ескерткіштерінің сюжеттері көптеп табылады. Мұның себептері әртүрлі. Ежелгі дәуірде Үндістан топырағында парсы тілінде шығармалар жазған қаламгерлер жеткілікті болғаны баршаға мәлім. Олардың арасында көне құндылықтарға аса жетік түркі тектес қаламгерлер де ғұмыр кешкені белгілі. Ел мен елдің, ұлт пен ұлттың рухани ықпалдасуы арқылы, байырғы мұралардың бірте-бірте ортақ игілікке айналатынын ешкім де жоққа шығармайды. Ескі аңыздар мен әсерлі эпсаналар солардың жазған дүниелері арқылы Иранға жетіп, кейін Орталық Азияға кең таралған. Сондықтан, қазіргі қазақ ертегілерінің көпшілігіне тән сюжеттерді үнді әдеби ескерткіштерінің мысалдарымен тығыз байланыста қарастыруымыз керек.

Көптеген елдің әдебиетіне ортақ сюжеттің бірі – балалардың әкеден қалған қасиетті заттарға таласуы. Бұл дау-дамай әр нұсқада әр түрлі көрініс тапқан. Қиял-ғажайып ертегілеріне тән сиқырлы бұйымдарға кейде екі, кейде үш бала таласады. Сонымен қатар, олардың бөлісе алмай жатқан заттары да әр нұсқада түрліше сипат алады. Ағайынды адамдардың таласына себеп болған дүниелердің әрқайсысының ерекше қасиеті бар. Барлық нұсқада дауласушылар қарсы жолыққан адамнан төрелік сұрайды. Бұл заттар барлық нұсқада төрелік айтушы адамның қолына өтеді. Ол балаларды алысқа жүгіртіп жібереді де, қайтып келемін дегенше, заттарды алып тайып тұрады. Бір ғажайып, бұл әрекеттің ешқайсысы қастандық мақсатымен жасалмайды. Кейбір нұсқада ол заттар иесіне қайтарылады. Кей нұсқада балалар арамызға жік салған мұндай дүниелердің бізге енді қажеті жоқ деп, бұйымдардан бас тартады. Сол дүниелердің ғажайып қасиеті арқылы, заттарды алып кеткен адам мұратына жетеді. Бұл сюжет «Тотынаманың» қырық алтыншы түндегі әңгімесінде [8, 258-259 бб.] көрініс тапқан.

Қазақтың «Дәулет құс» деген ертегісінде екі бала жолда келе жатып үш атты кісіге жолығады. Олар әкесіне қалған үш затқа таласып жатыр екен. Бөлісе алмай жатқан заттары құрым киіз, сауыт, ішіндегі алтыны таусылмайтын қобди көрінеді. Оларға кездескен екі баланың кішісі: «Мен садақ атам, соның оғын кім бұрын тауып берсе, соған осы үш затты беремін», – дейді. Оқты үшеуі де бірдей мезгілде тауып әкеліпті. «Енді мұны маған бер, таласқаннан тәуір болар», – дейді кіші бала ағасын алып, сауытпен ұшып кетеді [20, 164 б.].

Сиқырлы үш бұйым жөніндегі хикаят қырғыздың «Ханның баласы» деген ертегісіне де арқау болған. Үш затқа (тебен, шапан, түтік) таласқан үш ұл соның бәрінен де айырылып қалады [22, 50 б.].

Осы үш бұйымның төңірегінде түрлі философиялық тұжырымдар жинақталған. Бірқатар нұсқаларда бұйымға таласушылар әкеден қалған мұраны ұқсата алмай жүрген пәтуасыз перзенттер ретінде сипатталады. Тиісінше, олардан әлгі заттарды қандай жолмен болса да алып кеткен адам оларды алауыздықтан құтқарады. Сондықтан, кейін қайтарылған дүниені алмай, осы заттан айырылғалы бірлігіміз артып, берекеміз кіріп қалды деп топшылайтындар да бар.

Қазақ ертегілері мен үнді ескерткіштеріне тән ортақ элемент – торға түскен құстардың өлген боп серейіп жатуы. Бұл сюжеттің қысқаша мазмұны былай болып келеді. Аңшы тор немесе тұзақ құрып, оған құстар жаппай маталып қалады. Олар аңшы келмей тұрғанда өзара

ақылдасады. Өзара келіскендей, олар не торды көтеріп ұшады немесе өлген боп қимылсыз жата береді. Аңшы сұлық түскен құстарды алысқа лақтырып тастайды да, жөніне кетеді. Ал торды көтеріп ұшатын нұсқада, олар белгілі бір жерге жеткен соң өздеріне ниеттес аңдардың көмегімен босанып шығады. Осы шағын ғана мысалда ауызбіршілік идеясы дәріптеледі. Бірлігің мықты болса, пәле-жаланың бәрінен құтыласың деген ой айтылады.

Ең көп тараған тәмсілдердің қатарында екі үйректің аузына таяқ тістеген бақаны көтеріп ұшуы, арыстанның құдықтағы өз бейнесіне секіріп мерт болуы, мысықтың тышқандардан қорғайтын күзет қызметінің басшылығына бекітілуі, шаштараздың біреуді ұрғанда үстінен алтын төгілуі, уәзір күлгенде аузынан гүл төгілуі, қуырылған балықтың (немесе тауықтың) қарқылдап күлуі, тірісінде сексен адамның ажалына себепкер болған кісінің бас сүйегінің тағы да сексен адамның түбіне жетуі, арыстанның мекенін сілеусіннің тартып алуы секілді сюжеттер бар. Әсіресе, қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінде [23] мұндай хикаялар жеткілікті.

Жалпы, әлем халықтарының әдебиетінде сюжеттердің өзара ұқсастығының мысалдары көптеп кездеседі. Бұл сюжеттер түрлі жолдармен келіп, бір-біріне бірігіп-кірігіп, жаңа шығармаға арқау болады. Бәрібір қаншама өзгеріске түскеніне қарамастан, оның түп-төркінін тану қиын емес. Жоғарыда мысалға келтірген ежелгі үнді ескерткіштерінің бәріне ортақ сюжеттер де баршылық. Жалпыадамзаттық құндылықтар оқиға өзегіне арқау болғандықтан, заманды сезіну ортақтығы өзара ұқсас сюжеттер туғызбай қоймайды.

Шығыстанушы С.Төлеубаева бірқатар ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, мұндай сюжеттердің қазақ әдебиетіне қалай енгені жөнінде деректер келтіреді. Ол қазақ фольклорына шығыс сюжеттері тәжіктер арқылы кірген деп тұжырымдайтын Ә.Нұралиевтің пікіріне және оның бұл процесс өзбек пен татар әдебиеттері арқылы да жүзеге асқан деген тағы бір ойын мақұлдайтын С.Қасқабасовтың ұстанымына, қазақтардың қажылық сапары да сюжеттердің келуіне себеп болған деген Ш.Сәтбаеваның байыптамасына ден қойып, осы мәселенің әлі де терең зерттелгенін қалайды [24, 7-8 бб.]. Әрине, шығыс сюжеттері қазақ жұртына бұдан басқа жолдармен де келгені анық. Шығыс әдебиетінен аударма түрінде шыққан жинақтар, сырт елдерде басылған кітаптар, өзге мемлекеттерде оқыған зиялылар арқылы да мұндай сюжеттер бізге жетуі мүмкін. Ертегі айту барысында, ел ішіндегі ауызекі тараған әңгімелер оның сюжетіне енгізілмей тұрмайды. Оның үстіне, көптеген ертегілердің Азия елдерін мекен еткен қазақтардан жазып алынғанын ескерсек, сол жұртта сақталған аңыз-эпсаналардың фольклор нұсқаларына да жамалып-жасқалатынын ескерген жөн.

Қорытынды

Үнді әдеби ескерткіштері қазақ ертегілерінің сипатын өзгертті. Көне әдебиеттің хикаялары алдымен парсы әдебиетінде мұсылмандық дәстүрге бейімделіп, қайта баяндалды. Одан соң, кейіпкерлер хикаяттар тараған елдердің салт-дәстүрлерін бойына сіңірді. Байырғы үнді сюжеттері қазақы қалыпқа түсіп, ұлт болмысының мысалдарымен өрнектелді. Сонымен қатар, осы сюжеттердің үнді әдебиетіне қайдан келгені туралы мәселенің туындауы да заңды нәрсе. Бұл – түркілік құндылықтар мен үнді жәдігерліктерінің тарихына терең бойлау арқылы жан-жақты зерттелетін тақырып.

Қорыта айтқанда, сан ғасырдан тамыр тартатын, қаншама елдің әдебиетінде із қалдырған көшпелі сюжеттер қазақ ертегілері мен үнді әдеби ескерткіштерінің арасында белгілі бір байланыс бар екенін, көне аңыздардың өзінен кейінгі әдебиет үлгілеріне ықпалы мол болатынын, көптеген шығармалардың бірнеше жанрлардың тоғысуы арқылы түзілетінін айғақтайды.

Сондықтан, көшпелі сюжеттердің табиғатын жете зерделеп, жан-жақты қарастыру ісі жалғаса бермек.

Әдебиет:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: «Ана тілі», 1991. – 240 б.
2. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: «Ана тілі», 1991. – 176 б.
3. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: «Аударма», 2002. – 584 б.
4. Панчатантра / Перевод с санскрита А.Сыркина. – Москва: «Издательство АН СССР», 1958. – 376 с.
5. Шукасаптати / Перевод с санскрита М.Ширяева. – Москва: Издательство Восточной литературы, 1960. – 129 с.
6. Тотының тоқсан тарауы (Шукасаптати) / Аударған Ғайса Сармурзин. – Алматы: «Жазушы», 1970. – 200 б.
7. Зийа ад-Дин Нахшаби. Книга попугая (Тути-наме) / Перевод с персидского Е.Бертельса. – Москва: Издательство «Наука», 1979. – 348 с.
8. Зияаддин Нахшаби. Тотынама / Орыс тілінен аударғандар Ә.Қоңыратбаев пен Т.Қоңыратбаев. – Алматы: «Жазушы», 1991. – 304 б.
9. Тотынама / Ғ.Файызханұлы нұсқасынан аударылған, жауапты редакторы О.Қанапин. – Үрімжі: «Шыңжаң халық баспасы», 1987. – 348 б.
10. Тотынама / Көне түркі тілінен аударған Нияз Тобыш. – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті, 2005. – 196 б.
11. Сайид Хайдар Бахш Хайдари. Сказки попугая (Тота Кахани) / Перевод с языка индустани (урду) М.Княгиной-Кондратьевой. – Москва-Ленинград: «Academia», 1933. – 252 с.
12. Двадцать пять рассказов Веталы / Перевод с санскрита И.Серебрякова. – Москва: Государственное издательство художественной литературы, 1958. – 150 с.
13. Хитопадеша или полезные советы. – Москва: «Детская литература», 1958. – 160 с.
14. Сомадева. Океан сказаний / Перевод с санскрита И.Серебрякова. Москва: «Эксмо», 2008. – 768 с.
15. Жизнь Викрами или 32 истории царского трона / Перевод с санскрита П.Гринцера. – Москва: Издательство Восточной литературы, 1960. – 240 с.
16. Ибн ал-Мукаффа. Калила и Димна / Перевод с арабского Ш.Шидфар. – Москва: «Художественная литература», 1986. – 304 с.
17. Имад ибн Мухаммад ан-Наари. Жемчужины бесед (Джавахир ал-асмар) / Перевод с персидского М.Османо́ва. – Москва: «Наука», 1985. – 400 с.
18. Тридцать две новеллы о монахах / Перевод с санскрита И.Серебрякова. – Москва: Государственное издательство художественной литературы, 1962. – 104 с.
19. Мухаммад аз-Захири ас-Самарканди. Синдбад-наме / Перевод с персидского М.Османо́ва. – Москва: Изд. Восточной литературы, 1960. – 314 с.
20. Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Т. 73. Хайуанаттар туралы ертегілер. – Астана: «Фолиант», 2011. – 432 б.
21. Ивана Франко. Сказка Крашенный лис. – URL: http://oskazkah.ru/read/autor/franko/7364-krashenyj_lis.html
22. Қырғыз халық ертегілері / Аударған Т.Зейнәбілов. – Алматы: «Аударма», 1992. – 176 б.
23. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 74. Қиял-ғажайып ертегілер. – Астана: «Фолиант», 2011. – 432 б.
24. Тулеубаева С. «Тысяча одна ночь» в казахской фольклорной традиции. – Алматы: «Арыс», 2009. – 200 с.

References:

1. Auevov M. Adebiet tarihy [The history of literature]. – Almaty: «Ana tili», 1991. – 240 b. [in Kaz].

2. Dosmuhameduly H. Alaman [Majority]. – Almaty: «Ana tili», 1991. – 176 b. [in Kaz].
3. Qasqabasov S. Zhanazyq [Necessary for the soul]. – Astana: «Audarma», 2002. – 584 b. [in Kaz].
4. Panchatantra / Perevod s sanskrita A.Syrkina. – Moskva: «Izdatel'stvo AN SSSR», 1958. – 376 s. [in Russ].
5. Shukasaptati / Perevod s sanskrita M.Shiryayeva. – Moskva: Izdatel'stvo Vostochnoj literatury, 1960. – 129 s. [in Russ].
6. Totynynq toqsan tarauy (Shukasaptati) [Parrot fashion] / Audargan Gajsa Sarmurzin. – Almaty: «Zhazushy», 1970. – 200 b. [in Kaz].
7. Zija ad-Din Nahshabi. Kniga popugaya (Tuti-name) [The Parrot's book] / Perevod s persidskogo E.Bertel'sa. – Moskva: Izdatel'stvo «Nauka», 1979. – 348 s. [in Russ].
8. Ziyaaddin Nahshabi. Totynama [The Parrot's book] / Orys tilinen audargandar A.Qongyratbaev pen T.Qongyratbaev. – Almaty: «Zhazushy», 1991. – 304 b. [in Kaz].
9. Totynama [The Parrot's book] / G.Fajyzkhanuly nusqasynan audarylğan, zhaupty redaktory O.Qanapin. – Ürimzhi: «Shyngzhang halyq baspasy», 1987. – 348 b. [in Kaz].
10. Totynama [The Parrot's book] / Kone türki tilinen audargan Niyaz Tobysh. – Aqtau: Sh.Esenov atyndagy Aqtau memlekettik universiteti, 2005. – 196 b. [in Kaz].
11. Sajid Hajdar Bahsh Hajdari. Skazki popugaya (Tota Kahani) [Tales of the Parrot] / Perevod s yazyka industani (urdu) M.Knyaginoj-Kondrat'evoy. – Moskva-Leningrad: «Academia», 1933. – 252 s. [in Russ].
